Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 49 (1052)

10.12.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

НАЗАР

«112» ҚЫЗМЕТІ ЕСКЕРТЕДІ

Көп қабатты тұрғын үйлерде жылу болмаса, жылыту пештерінің орнына электр желілерін қосатындар да аз емес. Түрлі жағдайларда тығырықтан шығудың бір жолы ТЖД-нің «112» қызметіне жүгінуге болады. Бұл қызмет азаматтар арасында кеңінен танымал. Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметтің «112» нөмірі бойынша тәулік бойы режимде төтенше жағдайдың қаупі немесе оның туындауы, не шұғыл көмекті талап ететін өзге де жағдайлар туралы хабарламалар қабылдайды. Егер сіз өміріңізге, денсаулығыңызға, мүлікке, қоршаған ортаға нақты қауіп төнген кезде немесе жоғарыда аталған қауіптердің пайда болуының нақты себебі болған кезде шұғыл көмекке мұқтаж болсаңыз ғана осы нөмірге қоңырау шалуыңыз керек. Жыл басынан бері Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «112» қызметіне 636 618 қоңырау келіп түсті, оның ішінде:

– негізгі қызмет бойынша – 92 365
– «101» желісі бойынша – 81 102
– «102» желісі бойынша – 115 435
– «103» желісі бойынша – 90 913
– ақпараттық-анықтамалық сипатта – 119 587
– өзгелері (ұялы телефондарды тексеру, балалардың тентектігі және т. б.) – 137 216.

Қалыптасып отырған жағдайға байланысты Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаменті азаматтардан «112» бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметінің жұмысына түсіністікпен қарауды сұрайды. Өйткені, бұл қызметтің жұмысы төтенше жағдайларға байланысты денсаулыққа, өмірге немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін ақпаратты уақытылы беру немесе мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге бағытталған.

«ОТ ПЕН СУ – ТІЛСІЗ ЖАУ ДЕП МЫҢ МӘРТЕ ҚАЙТАЛАП АЙТҚАНМЕН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН МҰҚИЯТ ОРЫНДАЙТЫНДАР НЕКЕН САЯҚ. ЕКІ КҮННІҢ БІРІНДЕ ГАЗ БАЛОНЫ ЖАРЫЛЫП НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНІҢ ТҰЙЫҚТАЛУЫНАН АЛАПАТ ӨРТТЕР БОЛЫП ЖАТАДЫ. ӘСІРЕСЕ, ҚЫСТЫҢ КӨЗІ ҚЫРАУДА ЖЫЛУ ПЕШТЕРІН АЛДЫН АЛА ТАЗАЛАМАҒАНДАР ТҮТІНГЕ ТҰНШЫҒЫП, АРТЫ ОРНЫ ТОЛМАС ӨКІНІШКЕ ҰЛАСЫП ЖАТАДЫ.

«112» нөмірі бойынша көмекке жүгінген кезде мыналарды нақты және түсінікті етіп хабарлау қажет: 1) шақыру себебін; 2) оқиғаның нақты мекен-жайын немесе жанында тұрған ғимараттарды немесе құрылыстарды атау, жергілікті жерді сипаттау; 3) өзінің тегін, атын атау; 4) диспетчердің барлық сұрағына байсалды және анық жауап беру қажет. Сөйлесуді бірінші болып ажыратпаңыз, диспетчер сөйлесуді аяқтағанша күту керек. Есіңізде болсын, ол сұрайтын ақпарат өте маңызды. Шыдамдылықты жоғалтпаңыз және қойылған сұрақтардың сипатын түсінбесеңіз ашуланбаңыз, диспетчер осы уақытта жедел көмек көрсету қажеттілігін және төтенше жағдай үшін оқиға орнына әр түрлі жедел қызметтерді жіберу қажеттілігін бағалайды. Сөйлесуді аяқтағаннан кейін, егер, бұл қажет болмаса, қоңырау шалған телефон нөмірімен сөйлесіп тұрып алмауға тырысыңыз. Кенеттен диспетчерге қосымша ақпарат алу үшін немесе сізге қосымша кеңес беру үшін сізге хабарласу қажет болуы мүмкін. Оқиға орнында жағдай өзгерген жағдайда (жақсарды немесе нашарлады), «112» нөміріне қайта қоңырау шалыңыз және бұл туралы хабарлаңыз. Алайда, «мысыққа ойын тышқанға өлім керек» дегендей «112» қызметіне қатысы жоқ анықтамалық сипаттағы ақпарат беру немесе балалардың тентектігі және жалған сипаттағы хабарламалар, қоңыраулардың түсу жағдайлары жиілеп кеткенін айтуда. Жалған хабарлама бергендер «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 438-бабына сәйкес арнайы қызметтерді көрінеу жалған шақырғаны үшін әкімшілік айыппұл салынатынын атап өтті. Сондай-ақ, төтенше жағдай қызметі ата-аналарға ескерту: балаларға қандай жағдайларда «112» қызметіне қоңырау шалу керектігін түсіндіруді, егер, бала үйде жалғыз қалса және оның өміріне қауіп төнген жағдайда «101» және «112» телефондары арқылы құтқарушыларды өз бетінше шақыруды қалай жүзеге асыру керектігін үйретуді сұрайды. Балаңыздың өз атын, ата-анасының атын, тегін, үйінің мекен-жайын, ата-анасының жұмыс орнын атай алатындығына көз жеткізіңіз. Егер балалар қауіпті жағдайда қоңырау шалуға немесе қоңырау шалуға күмәнданса, оларға «112» телефонына қоңырау шалудан қорықпауды үйретіңіз. Сонымен бірге жедел қызмет нөмірлеріне әзіл үшін қоңырау шалуға қатаң тыйым салынатынын түсіндіріңіз.

Айтақын МҰХАМАДИ

АҢДАТПА

СИТУАЦИЯ 3-стр.

ОЧЕРЕДИ ОБРАЗОВАЛИСЬ В ОТДЕЛЕНИЯХ «ОТБАСЫ БАНКА»

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 5-бет

ШІРКЕУДЕГІ ШЫРҒАЛАҢ

ӘҢГІМЕ 8-бет

АЙ АСТЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

ҒҰМЫРНАМАЛЫҚ ХИКАЯТ 13-бет

СОҒЫМ, СЫБАҒА, ҚАРЫ ЖІЛІК

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕДИЦИНА

АУРУХАНАДА АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханаың диагностикалық кеңес беру бөлімі Желтоқсан оқиғасына қатысушылар үшін ашық есік күнін ұйымдастырды.

Таңғы сегізден басталған шарада 16 медициналық кабинетте: эндокринолог, гематолог, офтальмолог, уролог, хирург, нейрохирург, ревматолог, травматолог, невропатолог, гастроэнтеролог, ортопед және УЗИ мамандары келушілерді қабылдап, тексеруден өткізді.

Диагностикалық кеңес беру бөлімінің бөлім меңгерушісі Зәмзагүл Атамбаеваның сөзінше, Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада ашық есік күнін өткізу дәстүрлі шаралардың біріне айналды.

«Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылған шарада Желтоқсан оқиғасына қатысушылардан бөлек, осы күні дәрігерлерге жүгінген әрбір келушіге медициналық қызмет көрсетілді.

Күндізгі екіге дейін жалғасқан шараға барлығы 300-ге жуық адам келді. Оның ішінде 13 адам шұғыл түрде ауруханаға жатқызылса,

медициналық сақтандыру қорына жарна аударатын 93 адам жоспарлы түрде жатуға жіберілді. Бұл күні 40-қа жуық адам ультрадыбыстық, 20-дан аса адам эндоскопиялық тексеруден өтті», – дейді Зәмзагүл Әбітайқызы.

Келушілер тарапы медициналық көмек ұсынып, кеңестерін берген дәрігерлерге алғыстарын жеткізді. Соның бірі Панфилов ауданы Жаркент қаласынан келген көпбалалы ана Қалида Ботамбаева. Айтуынша ұлы Серік Қырықбаев облыстық ауруханаың білікті дәрігерлері арқасында дертінен айығып, аяғынан тік тұрған.

«Мен он баланы дүниеге әкелген, қажылыққа барып, зиярат еткен анамын. Ұлым – Серіктің бүйрегі ауырып, бір жылға жуық облыстық ауруханаға жатып, емделді.

Сондықтан, аналық ақ жүрегіммен аурухана тізгінін ұстап отырған білікті басшы Анарбек балама, оның орынбасары Мейрамгүл қызыма, Қуаныш Болатқызы мен Айбол Тұрапұлы, осы мекемеде еңбек ететін барлық денсаулық сақшыларына ақ батамды беру үшін арнайы келдім. Әрдайым абыройлары артып, істері алға ілгерілей берсін. Ел денсаулығы жолындағы еңбектері табысты болғай», – деген ақжарма лебізін білдірді жаркенттік Қалида ана.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 30 жыл

ТӘҢІР БЕРГЕН ТӘТТІ СЫЙ

Тәуелсіздік деген тәтті ұғым. Бұл – кешегі ел үшін егеулі найза қолға алып, ұлтарақтай жер үшін ат үстінен түспеген батыр бабалардан қалған жәдігер сөз.

Біз – ғасырлар бойы аңсап, еркіндікке қолы жеткен, арман-мұраты тең өрілген, тай қазаны ортаймаған қазақ деген байтақ ел, дана халықпыз. Міне, сол бақыт түндігін ашқан Тәуелсіздік бүгінде халқымызға тәңір сыйлаған құт-берекеге жұғысты болып отыр. Осы жалауы желбіреген жиырма жылда қазақ халқы асыққанына жетіп, аңсағанын көрді. Өткеннің өкінішін жуып, тарихтың қателігін жөнге келтірген телегей-теңіз тірліктер атқарылды. Тас бұғаудан босанған Тәуелсіздік ұлтының тынысын ашты. Бүгінде Асан қайғы баба іздеген жерұйықтың қайнар бұлағынан сусындаған ұлт болдық. Шаңырағымызға азаттықтың ақ құсы қонған байтақ ел болдық. Ұлт тарихының жылнамасы жаңа дәуірде жаңаша жазыла бастады. Даму мен жаңарудың қиындығы мен қуанышын, жетістіктері мен жеңісті сәттерін бірге көріп келе жатқанымызға, міне, 30 жыл толды.

Жұмыр жердегі қай халық үшін болса да азаттықтан асқан ұлы ұғым, тәуелсіздіктен биік тұғыр жоқ. Сондықтан, Тәуелсіздік – біз үшін қашан да киелі құндылық, асыл қазына. Осыдан отыз жыл бұрын, 1991 жылы 16 желтоқсанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қойды. Сөйтіп, Еуразияның Ұлы Даласын мекендеген кешегі көшпенділердің бүгінгі ұрпағы әлем картасында «Қазақстан» деген егемен мемлекет құрды. Бұл тамырын тереңнен тартқан қазақ елінің бай тарихындағы ең басты оқиға болды. Осы жылдары елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті, рухы биік руханият пен қажырлы еңбек үлгісін қалыптастырдық. Төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабаларымыздың «Мәңгілік ел» мұратын жаңғырттық. Жібек жіптей жалғасқан ұрпақтар сабақтастығын қайта жалғадық.

Бүгінгідей байтақ жері, терең қазыналы тарихы бар Қазақ елі шын мәнінде жұлдызы жанған бақытты елге айналды. Облыс жұртшылығын, мемлекеттік қызметшілерді, әріптестерімді айтулы мерекемен құттықтағым келеді. Желтоқсанның ызғарлы желіне қарсы тұрып ерлік көрсеткен жас ұландарымызға басымды иемін. Ел болашағы мен тәуелсіздікті сақтау жолында еңбектеріңіз жемісті болсын. Ел дамуына өз үлестеріңізді қоса беріңіздер.

Аманжол АБДРАХМАНОВ,
Алматы облысы әділет департаментінің басшысы.

БІЛІМ

БАСТАУЫШТЫҢ БАЛАЛАРЫН ЖІГЕРЛЕНДІРУ

МЕКТЕП ТАБАЛДЫРЫҒЫН АТТАҒАН ӘРБІР БАЛА ЕРТЕҢГІ ЕЛДІҢ ТІЗГІНІН ҰСТАЙТЫН ТҰЛҒА БОЛАРЫ АНЫҚ. АЛ ОЛАРДЫ САНАЛЫ, БІЛІМДІ, ПАРАСАТТЫ АЗАМАТ ЕТІП ТӘРБИЕЛЕУ – ҰСТАЗДЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ.

Мұғалім бастауыш сынып оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, әрбір оқушы бойында ұлттық мінезқұлық, адамгершілік, сыпайылықпен кішіпейілділік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуге тиіс. Осы айтылған асыл қасиеттерді бала бойына сіңіріп, ел қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуде ұстазға артылатын жауапкершілік жүгі ауыр. Әсіресе, қазіргі техниканың дамыған заманында оқушыларды смартфон телефоннан, компьютерден арылтып, оқуға деген ынта-жігерін арттырудың өзі үлкен жұмысты талап етеді. Балалардың алтыннан да қымбат уақытын қолдарындағы алақандай техниканың ұрлап жатқанын бәріміз білеміз. Ата-анасы да, ұстаз да қанша қадағалап отырса да қызылдыжасылды түрлі ойындарға деген қызығушылық арта түскені рас. Алайда ата-ананың, ұстаздың жіті қадағалауының, талапшылдығының нәтижесінде бұл қиындықты да еңсеріп келеміз.

Ұстаздар қауымы әр балаға жеке тұлға деп көңіл бөліп, орындаған тапсырмасы дұрыс болса оқушыны жігерлендіретін жақсы сөздер айтып, жұмысын жоғары бағалап, мақтап, марқайту арқылы құлшынысын арттырып, жақсы нәтижеге қол жеткізгенінің өзін үлкен жетістік деп бағалау қажет. Бала жаны үнемі жаңалыққа құмар болып келеді. Білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімі балалардың осы талпынысын дамытуға көп көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың білімге деген ынтасын арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, түрлі ойын ұйымдастырып немесе сабақтың жаңа формасын түрлендіріп отыру да баланың қызығушылығын оятатын әдіс. Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық тақырыптарының қызықты болуы да баланың оқуға деген ынтасын оятады. Ұлттық тәжірибелер мен тағылымдардан туған бай қазынаға, өшпес өнеге, тәрбие өрнектері, ертегілер, жырлар, аңыздар, жұмбақ-жаңылтпаштар, ұлттық салт-дәстүрлер – тәлім-тәрбиенің баға жетпес қайнар көзі екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Бұл баланы қызықтырып қана қоймай, тыңдай білуге, ой-қиялының ұшқыр болуына, адамгершілік қасиетінің қалптасуына, тілін ширатып, жан-дүниесін, мінезқұлқын қалыптастыруда таптырмас тәсіл. Қысқасы, баланың оқуға деген ынта-жігерін арттыруда ұстаз түрлі әдіс-тәсілдерді қолданса, оқушы да жас та болса биік белесті бағындырары сөзсіз.

Алмагүл МАЙЛАЯКОВА,
«Еңбек ауылындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар №22 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПЕРВЫЙ ПРЕЗИДЕНТ

БУДЕМ СТРОИТЬ АТОМНУЮ СТАНЦИЮ

ПЕРВЫЙ ПРЕЗИДЕНТ НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ ЗАЯВИЛ, ЧТО КАЗАХСТАН ПОСТРОИТ АТОМНУЮ ЭЛЕКТРОСТАНЦИЮ. ВОПРОС В ВЫБОРЕ МЕСТА И ПОДРЯДЧИКА, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ TENGRINEWS.KZ.

«Мы будем строить атомную станцию все равно. Выбрать надо подрядчика и технологию. Сильное желание проявляют Россия, Япония, Южная Корея и американские компании тоже. Сейчас мы смотрим, где это сделать. На сегодня у нас избыток электроэнергии. Некуда девать. Страна нефти, газа, угля. Но поскольку атомная станция строится не меньше 7–8 лет, к тому времени дефицит появится», — сказал Назарбаев в интервью американскому кинорежиссеру Оливеру Стоуну в восьмисерийном проекте «QAZAQ: История Золотого человека».

Он уточнил, что российские власти хотят построить атомную электростанцию и постоянно спрашивают, не ведет ли Казахстан переговоры с другими странами.

«У нас есть комиссия, которая смотрит, где построить и когда построить. Просто на сегодня это не является вопросом номер один. Но мы будем строить», — добавил Нурсултан Назарбаев.

КРУГЛЫЙ СТОЛ

В Уйгурском районе состоялись мероприятия по открытию зимнего туристского сезона, организатором которых выступили Управление туризма Алматинской области и Туристский информационный центр Алматинской области.

ОТКРЫТИЕ ЗИМНЕГО ТУРИСТСКОГО СЕЗОНА

В рамках мероприятия состоялся форум в формате круглого стола «TourismReStart. Алматинская область», курсы по качеству оказываемых услуг местами размещения в соответствии с Национальными стандартами РК, тренинги для государственных служащих на тему «Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021−2025 годы» и семинар по цифровизации туристской индустрии от национальной компании АО «НК KazakhTourism».

В открытии зимнего сезона приняли участие представители туристской отрасли: крупнейшие туроператоры, представители профильных ассоциаций, руководители управлений туризма регионов РК, Туристский информационный центр Алматинской области, АО «НК KazakhTourism», Казахстанский Национальный комитет ЮНЕСКО. Целью форума является обсуждение ситуации, которая сложилась в туризме из-за карантинных ограничений и восстановление отрасли.

В рамках форума прошло обсуждение инициативы Алматинской области по объединению всех региональных туристских информационных центров для увеличения конкурентных преимуществ Казахстана на международном рынке, улучшения коммуникации и осуществления совместных мероприятий внутри страны. Между участниками были подписаны меморандумы о сотрудничестве для дальнейшей реализации совместных проектов.

Согласно официальной статистике, за 9 месяцев 2021 года общая цифра посетителей особо охраняемых природных территорий составила 776 707 человек. По данным мониторинга, объем оказанных услуг за 10 месяцев 2021 года — 14 273, 9 миллиона тенге. Учитывая положительную тенденцию, наметившуюся в отрасли, участники предложили ряд конкретных мер, которые позволят поддержать динамику.

Одна из инициатив от Туристского информационного центра Алматинской области по созданию Ассоциации туристских информационных центров РК заинтересовала участников. В целом форум показал, что туристская отрасль в Алматинской области имеет не только большой потенциал, но и служит одним из драйверов развития индустрии гостеприимства в стране.

ПЕРЕГОВОРЫ ПРЕЗИДЕНТОВ

Касым-Жомарт Токаев провел переговоры с президентом Узбекистана Шавкатом Мирзиёевым, прибывшим в столицу Казахстана с государственным визитом, сообщает пресс-служба Акорды.

НОВЫЙ УРОВЕНЬ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ ДВУМЯ СТРАНАМ

Лидеры Казахстана и Узбекистана обсудили широкий круг вопросов двустороннего стратегического партнерства, в том числе ключевые аспекты политического, торгово-экономического, инвестиционного, транспортно-транзитного, культурно-гуманитарного сотрудничества. Особое внимание было уделено обеспечению стабильности и безопасности в регионе, а также взаимодействию по линии и многосторонних структур.

Приветствуя Шавката Мирзиёева, Касым-Жомарт Токаев подчеркнул важность его государственного визита с точки зрения продвижения казахско-узбекского сотрудничества на качественно новый уровень.

«Сегодня мы подпишем Декларацию о союзнических отношениях. Это действительно новый уровень наших взаимоотношений, поскольку ранее мы опирались на принципы стратегического партнерства. Считаю, что пакет документов, который сегодня будет подписан, придаст дополнительный импульс сотрудничеству между нашими странами. Тем более мы условились дать поручение правительствам предпринять самые энергичные меры с тем, чтобы в ближайшее время довести объем торговли до 3 млрд долларов, а затем вывести объем торговли до 10 млрд долларов. Это очень высокий уровень», — сказал глава нашего государства.

Касым-Жомарт Токаев также высказался о вкладе двух стран в обеспечение стабильности и безопасности в регионе:

«Союзнические, стратегические взаимоотношения между нашими странами являются серьезным фактором обеспечения стабильности и безопасности в Центрально-Азиатском регионе. Это действительно факт без всякого преувеличения. Можно сказать, чем лучше взаимоотношения между нашими странами, тем более стабильной будет ситуация в нашем очень важном регионе».

В свою очередь Шавкат Мирзиёев, выразив признательность за традиционно теплое гостеприимство на казахской земле, от имени народа Узбекистана и от себя лично поздравил Касым-ЖомартаТокаева и весь казахстанский народ с предстоящей 30-летней годовщиной независимости.

МИНТРУДА

ПРЕДУПРЕДИЛИ ЖЕНЩИН, СОБИРАЮЩИХСЯ НА ПЕНСИЮ

Казахстанки, рожденные во второй половине 1961 года, должны обратиться за назначением пенсионных выплат до конца 2021 года. Об этом сообщили в пресс-службе Министерства труда и социальной защиты населения, передает Tengrinews.kz.

Как пояснили в министерстве, такая спешка связана с законом «О пенсионном обеспечении в Казахстане», принятым в 2013 году. В статье 11 прописано, что пенсионный возраст для женщин повышается ежегодно по 6 месяцев в течение 10 лет до 2027 года. В 2021 году возраст выхода на пенсию у женщин составил 60 лет. С 1 января 2022 года возраст выхода на пенсию будет уже 60 лет и шесть месяцев.

Получается, если казахстанки, которым во второй половине 2021 года исполнится 60 лет, не успеют подать заявление до конца 2021 года, в следующем году им придется ждать полгода и выйти на пенсию они смогут только после июля 2022 года. Госкорпорация «Правительство для граждан» отправляет SMS-предупреждения гражданам, готовящимся к выходу на пенсию, и призывают собрать необходимые документы заранее. Для выхода на пенсию могут понадобиться: удостоверение личности или паспорт, при наличии справка о суммах доходов и отчислениях в ЕНПФ, документы, подтверждающие трудовой стаж (возможно, электронные копии архивных документов), документ об образовании, военный билет, свидетельства о рождении детей и другие документы.

Отсутствие этих документов, кроме удостоверения личности, не может стать причиной для отказа в получении пенсии, но может сказаться на размере выплат. В Министерстве труда пояснили, что заявления граждан рассматриваются в течение 10 рабочих дней со дня подачи.

СИТУАЦИЯ

ОЧЕРЕДИ В ОТДЕЛЕНИЯХ «ОТБАСЫ БАНКА»

В отделениях «Отбасы банка» в Алматы образовались очереди из-за большого числа желающих перевести пенсионные накопления на покупку жилья и другие цели, передает корреспондент Tengrinews.kz.

Большие очереди начинаются еще от автоматов, которые выдают талоны на обращения к консультантам.

В филиале на улице Тулебаева к обеду очередь уже спала. Некоторые клиенты говорят, что ждали, когда их номер высветится на табло в течение двух-трех часов. Сотрудники банка как могут успокаивают уставших клиентов и разъясняют им ситуацию.

Большинство посетителей решили обратиться в банк, после того как в ЕНПФ сообщили о росте порога достаточности для снятия пенсионных накоплений с 2022 года почти в два раза. Многие граждане поспешили обратиться в банк, чтобы перечислить средства выше порога достаточности на счет в «Отбасы банке» для последующей покупки жилья.

«Моя сестра не сможет снять средства с пенсионного счета с новыми ограничениями, чтобы передать их мне. Многие не успели воспользоваться своими деньгами. Я только подошла, но говорят, что ждать придется не меньше трех часов», — рассказала посетительница банка, пенсионерка Ултусын.

Многие клиенты возмутились порядку электронной очереди и тому, что менеджеры одновременно обслуживают клиентов сразу по всем вопросам.

«Уже номер 256 обслуживают, а у меня 235-й. *Они утверждают, что эти люди получили электронную бронь, но пусть тогда и обслуживают их отдельно, а не с нами. Менеджер всех обслуживает, хотя тех, кто открывает счет, можно было бы принять в отдельном окне, так как это быстрая процедура. Чтобы открыть счет в течение пяти минут, я тут уже полтора часа жду очереди. Хочу снять средства с пенсионного счета, чтобы лечить зубы. Планировала использовать их на следующий год, но теперь говорят, что не смогу»*, — рассказала клиент банка Бибигуль.

Помимо охраны, в отделение также приехали сотрудники полиции, чтобы успокоить чрезмерно разгоряченных посетителей. Многие из них пожилые люди или матери с маленькими детьми.

«С часу пришла сюда, и уже два часа мы тут. Хотели на следующий год открыть счет, но теперь такой закон, что нужно срочно. Наш номер должен давно пройти, но почему-то впереди люди проходят. Говорят, 39 человек передо мной и еще час ждать. Деньги хочу перевести на жилье», — отметила другая посетительница.

«Я сначала заняла очередь в отделении на Сейфуллина, но передо мной было 120 человек. Решила что здесь будет меньше. Счет можно открыть также на сайте или в приложении, но, к сожалению, они не работают. Также хочу снять пенсионные средства на жилье», — добавила другая клиентка в очереди Светлана.

В другом отделении банка по улице Шевченко ажиотаж среди посетителей еще выше. В помещении стоит несколько десятков человек, а еще больше сидит в зале ожидания. Многие приехали всего полчаса назад, но говорят, что ждать придется не меньше трех часов.

«Из-за ограничения на снятие пенсионных большинство приехали. Я не открываю счет, но квартиру оформляю. Жду почти час. Было больше людей, по-моему, когда приехал сюда», — рассказал посетитель банка Дмитрий.

Сотрудники банка старались разъяснить клиентам порядок электронных очередей и возможность открыть счет через приложение. В пресс-службе «Отбасы банка» сообщили, что на сегодня по 43 744 заявкам пользователи платформы enpf-otbasy.kz ждут поступления средств из ЕНПФ на свои специальные счета в «Отбасы банке» на общую сумму 242 миллиарда тенге. За 3 декабря от казахстанцев поступило 16 тысяч заявок на использование пенсионных излишков.

«Несмотря на повышенный интерес граждан к платформе enpf-otbasy.kz, она работает в штатном режиме без перебоев. И до конца декабря с ее помощью можно использовать сумму единовременных пенсионных выплат, рассчитанную еще по показателям 2021 года. После поступления ЕПВ на специальный счет в "Отбасы банке" на пользование средствами предоставляется 45 рабочих дней. За это время можно успеть подтвердить цель использования пенсионных излишков или изменить ее, если появятся новые обстоятельства или новые цели», — сообщили в банке.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘДЕНИ КҮНДЕР АЯСЫНДА

ӘУЛИЕАТА ЖЕРІН ДҮБІРГЕ БӨЛЕДІ

ӘН-ЖЫРДАН ШАШУ ШАШҚАН ЖЕТІСУДЫҢ ӨНЕРПАЗДАРЫ ӘУЛИЕАТА ЖЕРІН ДҮБІРГЕ БӨЛЕДІ. ДҮЛДҮЛ АҚЫН ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫҢ 175 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ АЯСЫНДА, ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНЕРПАЗДАРЫ КИЕЛІ ТАРАЗҒА ТАБАН ТІРЕДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ «ЖЕТІСУ МЕДИА» ХАБАРЛАДЫ.

Саф өнердің сақалары Жамбыл облысындағы Мәдениет күндері аясында «Жерұйық мекен – Жетісу» атты концертті көптің назарына ұсынды. Мәдени шарада Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының өнерпаздарымен қатар Өмірқұл Айниязов, ҚР еңбек сіңірген әртістері Ұлжан Айнақұлова, Қанат, Айтгүл Құдайбергеновтер өнер көрсетті. Жетісулықтардың жамбылдықтарға тартуы Жанат Байдаралиннің «Ғасырлар үні» қойылымымен шымылдығын түріп, «Ақындарға арнау», «Көк шолақ», «Дүлдүлім», «Сары жазық», «Сарыбайға», «Ақ қайың», «Жетісу» сынды дәстүрлі ән шерумен жалғасын тапты. Мерекелік кеш «Алтынай» мемлекеттік халықтық би ансамблінің орындауындағы «Жастар салтанаты» қойылымымен қорытындыланып, Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың ықылас гүлі жетісулықтарға табыс етілді.

Мәдениет күндері бір ғана кешпен аяқталмады, шара шеңберінде Баласағұн орталық концерт залында «Ұлы жыраудың асыл мұрасы» атты және Жамбыл облысындағы Сәкен Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен «Жер жәннаты Жетісу – жерұйығым» деген атауды арқау еткен жылжымалы көрме керегe жайды. «Ұлы жыраудың асыл мұрасы» көрмесі Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейінің қорындағы 100-ге жуық экспонаттар негізінде безендірілді.

Көрме экспозициясында жыр алыбының өзі ұстаған домбырасы, Мәскеу қаласына сапары кезінде киген шапандары, телефон аппараты, сонымен қатар, елімізге белгілі суретшілердің туындылары және тағы да басқа экспонаттар қаздай тізіліп, көшпелі көрмеден орын тапты. Ал «Жер жәннаты Жетісу – жерұйығым» атты көрме жетісулық ақын-жазушылардың тың туындыларын Жамбыл облысындағы оқырман қауымға насихаттап, жаңаша ақпараттармен бөлісу мақсатында жүзеге асты.

Әулиеаталықтарға ақын, драматург, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына орай Алматы облысы әкімінің қолдауымен жарық көрген 20 томдық шығармалар жинағы, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай жарық көрген «Жамбыл Жабаев» кітабының 30 томдығы, сондай-ақ, Сәуле Досжанның «Біртуар» (2021), Бейсен Құранбектің «Парасат бигі» (2021) кітабы қала тұрғындары мен қонақтарына таныстырылды. Айта кетейік, қос көрме А.Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының фойесінде ұсынылды.

Мәдениет күндері аясында Б.Римова атындағы Талдықорған драма театры М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» қойылымын (режиссері Фархат Молдағали) тарту етті. Тараздық көрермен қауым қойылымның режиссурасына, сценографиясына, көркемдік деңгейіне тәнті болып, актерлердің ойынына да лайықты бағасын берді. Қойылым соңында актерлерге басшылықтың ықылас гүлі табысталды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ҰТЫМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Өңірлік кәсіпкерлік палата баспасөз қызметінің хабарлауынша, Талдықорғанда «Жетісу – Ұлы Жібек жолының жаңғыруы» қолөнершілер этнофестивалі және «Алтын Адам» Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігінің тұсаукесер көрмесі өтті.

Көрмеде Алматы облысының 30 қолөнершілері мен шеберлері киізден, жібектен, былғарыдан, табиғи және зергерлік тастардан жасалған әртүрлі қол бұйымдарын, сондай-ақ құрал-саймандарды, кондитерлік бұйымдарды ұсынды.

Іс-шара басында Қазақстандағы АҚШ Бас консулының баспасөз, мәдениет және білім мәселелері жөніндегі кеңесшісі Ананд Кришна бейнеүндеу жасап, Бас Консул Кэролайн Саваж атынан фестиваль қатысушыларына сөз арнады, сондай-ақ қазақстандық актриса, «Томирис» тарихи фильмінің басты рөлін орындаушы Альмира Тұрсын бейнеүндеу жасады.

Фестиваль қатысушылары мен қонақтары алдында облыстық Кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрайымы, Алматы облысы Іскер әйелдер кеңесінің жетекшісі Римма Салықова, Nur Otan партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлнар Тойлыбаева, қолөнерші Анаргүл Норботанова және ақсақал Серік Бәкіров сөз сөйледі.

Іс-шара Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған және «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасын іске асыруға және экономиканың креативті секторын дамытуға бағытталған. Этнофестиваль «Алтын Адам» Жетісу шеберлер орталығының» ұтымды ұйымдастыруымен Алматы облысы Іскер әйелдер кеңесінің қолдауымен, «Жетісу» ӘКК» Өңірлік даму институтымен, Алматы облысы жастар саясаты басқармасының Жастарға қызмет көрсету орталығымен, «Ақсу Кант» ЖШС және басқа да компаниялардың серіктестігімен өтті.

«Осы жылдың маусым айынан бастап біздің бірлестік Алматы облысының қолөнершілері мен шеберлерінің қатысуымен тоғыз көрмеге қатысты және ұйымдастырды. Әрбір көрме біздің кәсіпкерлер үшін Жетісу брендін ілгерілету, өз өнімдерін сату, сондай-ақ халық арасында дәстүрлі қолөнерді танымал ету үшін бірегей алаң. Біздің мақсатымыз – ата-бабаларымыздың мәдени, шығармашылық және рухани байлығын бүгінгі ұрпаққа сақтап, жеткізу», – деп атап өтті «Алтын Адам» Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Динара Бәкірова.

Этнофестиваль аясында қолөнершілер арасында байқау ұйымдастырылып, алты аталым бойынша үздік шеберлер анықталды. Қарасай ауданынан Анаргүл Норбатовна, Ақсу ауданынан Жарқын Сауғамбаева, Сарқан ауданынан Эльмира Ақпанова, сондай-ақ Талдықорған қаласы Оқушылар сарайының «Жас модель» үйірмесінің тәрбиеленушілері сән көрсетілімін өткізді.

Іс-шарадан түскен қаражаттың бір бөлігі аутизмі бар балаларға «Другая жизнь» ҚБ-ға көмекке берілді. Қонақтар арасында іс-шараның демеуші-компанияларының арнайы сыйлықтарымен лотерея ұйымдастырылды. Музыканттардың, әртістердің және би топтарының қатысуымен өткен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Ш. ХАМИТОВ.

МЕДИЦИНА

ЕМДЕУДІҢ заманауи әдістері

Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада медицина ғылымдарының докторы, ішкі аурулар кафедрасының доценті, невропатолог-эпилептолог, балалар неврологиясы институтының директоры Латина Текебаеваның қатысуымен «Невропатолог-терапевт тәжірибесіндегі амбулаторлық психиатрия» атты дөңгелек үстел өтті.

Облыстық аурухананың невропатолог дәрігері, неврология бөлімінің меңгерушісі Индира Серікболованың ұйымдастыруымен өткізілген шараға аудандық және қалалағы аурухананлардың терапевтері мен невропатологтары қатысты.

Шара барысында Индира Тоқтарқызы талқыланатын мәселенің маңыздылығына тоқталды. Әсіресе, коронавирустық пандемия кезіндегі проблеманың өзектілігін атап өтті. Бүгінгі таңда халықтың 33,7 пайызы мазасыздықтың кез келген түрінен зардап шексе, миокард инфарктісінің немесе жедел коронарлық синдромның қаупі басқа кезеңдермен салыстырғанда 4,74 есе жоғары екенін айтты. Мұндай науқастардың көбі невропатологқа жүгінетінін, сондықтан дифференциалды диагностика қажет екенін атап өтті. Бұл жағдайда адамдарға невропатологтар мен психиатрлар ғана көмектесе алады.

Өз сөзінде дәрігер әріптестеріне нақты диагностикалық алгоритмді ұсынды, шұғыл ауыр патологияларды анықтау тәжірибесімен бөлісті, неврологиялық науқастарда қандай жалпы психикалық ауытқулар кездесетінін айтты. Сондай-ақ, Индира Тоқтарқызы жиналғандарды невропатолог қандай нозологияларды емдей алатыны және адамды қай кезде психиатрға жүгінуге көндіру керектігі туралы да хабардар етіп, науқастардың өмір сүру сапасын төмендететін депрессияны емдеу қажеттігін де тілге тиек етті.

Ал, психикалық ауруларды емдеудің инновациялық әдістері туралы Латина Текебаева таныстырды. Ол психиатрия мен неврологияның шекарасында нейробиологияның біліміне негізделген диагностиканың, емдеудің және оңалтудың бірегей нейропсихиатриялық әдістеріне және клиникалық тәжірибедегі жаңа жетістіктерді батыл пайдалануға баса назар аударылатын нейропсихологияның гибридті пәні жатқанын атап өтті. Тарихи тұрғыдан алғанда, нейропсихиатрияның болашағы клиникалық нейробиологияның соңғы жетістіктері контекстінде деген Латина Айжанқызы балалардың нейропсихиатриясына қатысты да біраз мысал келтірді. Қазақстандағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметінің мәліметінше, 3820 балаға аутизм диагнозы қойылған. Жалпы, аутизммен ауыратын балалардың нақты саны статистикадан айтарлықтай асып түседі екен.

Өз кезегінде Латина Текебаева Үндістанда, Францияда, Италияда, Чехияда жүргізілген бірнеше зерттеуге тоқталып, нәтижесінде орталық жүйке жүйесінің бұзылыстары кезінде кейбір клиникалық жағдайларды диагностикалау және түзету үшін аппаратты қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы айтты.

Талқыланған мәселе конференцияға қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды. Шара соңында әр қатысушы толғандырған сауалдарын қойып, тұщымды жауап алды.

Дәрігерлердің бұл кездесуі әрбір өңірден жаңа мамандарды дайындау үшін маңызды әрі қажет. Себебі, олар тәжірибе алмасады, заманауи емдеу әдістерімен танысады. Салдарынан науқастарға медициналық көмек көрсету сапасы да артады.

Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ШІРКЕУДЕГІ ШЫРҒАЛАҢ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІН ЖАРИЯЛАҒАН 1991 ЖЫЛДАН БАСТАП ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМГЕ АЙҚАРА ЖОЛ АШЫЛДЫ. ТІПТІ, ТӘУЕЛСІЗДІК АЛМАЙ ТҰРЫП, БІР ЖЫЛ БҰРЫН, ЯҒНИ, 1990 ЖЫЛЫ КУЛЬТТАР САНЫ 10-НАН АССА, ҚАЗІРГІ ТАҢДА ЖАҢА КУЛЬТТАРДЫҢ САНЫ 160-ТАН АСАДЫ. ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНДЕГІ АҚПАРАТТАРҒА ШОЛУ ЖАСАСАҚ, 1989 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДА 30 КОНФЕССИЯҒА ТИЕСІЛІ 700-ГЕ ЖУЫҚ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР БОЛСА, 2003 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНДА 3206 ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ЖҰМЫС ІСТЕГЕН. ЖАЛПЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУМАҒЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК ШІРКЕУГЕ ЖАТАТЫН 241 ДІНИ БІРЛЕСТІК (ОЛАРДЫҢ 230-Ы ОРЫС ПРАВОСЛАВИЕ ШІРКЕУІНЕ ҚАРАЙДЫ), 7 СТАРООБРЯДТЫҚ ШІРКЕУ, РИМДІК-КАТОЛИКТІК ШІРКЕУІНІҢ 77 БІРЛЕСТІГІ, БІРҚАТАР ПРОТЕСТАНТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ЖҰМЫС ЖАСАУДА.

Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға төмендегілер енеді: 5 буддистік қауым, 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахаи, 2 трансценденталдық медитация қауымы, ұлы ақ бауырластықтың 2 қауымы, 6 саентология шіркеуі қауымы және т.б. Алматы қаласында 42 конфессиядан тұратын 275 діни бірлестік тіркелген. Олардың 38-і дәстүрлі ханафилік ислам, 14-і дәстүрлі православтық христиан, 5-і католиктік шіркеу, 2-і ахмадие, 5-і лютерандық шіркеу, 5-і евангелдік мәсіхші баптистер, 20-ы жетінші күннің адвентистері, 4-і елушілдер, 2-і иудаизм, 1-і вон буддизм, 85-і протестантизм, пресвитариандар 40, иегова куәгерлері 30, буддизм 2, бахаи 2, эзотериалыстар 1, армян-григориандықтар 1. Пайда болған конфессиялар бар. Елімізде 1700-ге жуық мұсылман бірлестіктері бар. Оның басым көпшілігі суниттік бағыттағы бірлестіктер. Орыс православие шіркеуінің үш епархиясына 214 приход, 8 монастыр және басқа шіркеулік құрылымдар тиесілі. Орыс православие шіркеуі приходтар санының өсуіне және материалдық тұрғыдан нығаюына күш-жігерін жұмсауда.

Мақалаға тұздық болып отырған бұл тақырып, діни ағымдар жайында емес, өзіміздің қаракөздердің өзге діннің жетегінде кетіп адасып, Сирия асып, өз-өздерін, бала-шағаларын оққа байлап беріп жатқандар жайлы сан мақала жазылып, қауіпсіздік комитеттерінің ықпалымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың араласуымен оқ пен оттың арасында, жат ағымда жүргендерді елге қайтару бағытында сан-салалы жұмыстар жүзеге асырылуда.

Пайғамбарымыз Мұхамед («оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын»)

«Ақыр заман боларда Яһудилер 71, христандар 72, менің үмметім 73 ағымға бөлінеді, біреуінен басқасының барлығы тозақта» – деген екен. Бұл Ахмад (4/102), Әбу дәуд(2-503) әт-Тирмизи (3/367), əд-Дарими» 2241/), әл-Хаким (1/128) хадистің екі нұсқасы да сақталған. Бұл бөлек әңгіме, бөлек тақырып. Өзекті өртейтіні өзіміздің қаракөздердің жат ағымдардың жетегінде кетіп, шіркеулерге барып шоқынып, солардан жәрдем сұрауы көңілге кірбің түсіреді. Бұл арада Ханафи мазхабындағы дін өкілдері түк істемей жатыр деуге аузымыз бармайды. Адам баласының қай дінді қабылдауы өз еркі, өз таңдауы. Жұма сайын мешіттерге барсаңыз, имамдардың айтқан уағыздарында ата-ананы сыйлаудан бастап, ислам дініне деген тазалықты, жетім-жесірді, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға қамқорлық танытуды, қол ұшын созуды ұдайы айтып келеді. Айтып қана қоймай, Республикалық масштабта мешіт жанынан құрылған «Зекет» қайырымдылық қоры арқылы қаншама адамға баспана кілтін тапсырғанын есепқисаптарынан көруге болады.

«Біреудің қаңсығы біреуге таңсық болыпты» дегендей, кейінгі кездері қазақтың қаракөздері шіркеулерді жағалап қол жайып, көмек сұрап жүргендері көңілге кірбің салуда. Мәселен, 31 телеарнада

жалғызбасты ана Назымгүл Бекмұратова шіркеуден көмек сұрағаны жайлы ақпарат тарады. Тағдыр-тауқыметін тартып, үйсіз-күйсіз жүрген ананың төрт баласының үшеуі бірдей мүгедек. Балаларына жылы киім таппай шіркеу жағалаған бір үйлі жанның балалары үшін алатын мүгедектік жәрдемақы мен көмір тасып тапқан нәпақасын күнелтіп отырған жанұяның мұң-зары қазақ қоғамын елең еткізді. «Сөздің шыны керек» бағдарламасында жанұяның аянышты хәлін көрген «Елге көмек» қайырымдылық қоры шіркеулерден бұрын қол ұшын созып, көпбалалы жанұяға Алматы қаласының іргесіндегі «Байсерке» ауылынан үш бөлмелі, 7 соттық жері бар баспана мен балаларының киім-кешегіне деп 200 000 теңге қаражат бергенін сол «31 телеарна» көрсетті. Бұған дейін бір баспанаға, киім-кешекке жарымай зар жылап, запыран құсқан ана, үйдің кілтін алғанда көз жасын тоқтата алмады. Міне, бүгінгі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайлары нашар отбасылардың кескін-келбетін осы бір сюжет арқылы көруге болады. Осыдан екі жыл бұрын Астанада бес бірдей сәби отқа оранғанда, Республика бо-йынша дүрліккен аналар Ақ ордаға дейін барып, сыздауықтай сыздап жарылған әлеуметтік мәселенің қан-соқтасын көрсеткен-ді. Оған дейін жергілікті әкім-қаралар, жағдайларын айтып, баспана сұрап келгендерге «баланы мен үшін таптыңба?» – деп доң айбат көрсеткендері де болған. Өз қазағын өзі өзектен тепкен соң көңілдері қалып, қағажау көргендер шіркеу жағаламағанда қайтсін?! Тағы да сол жерден жылдам тарайтын интернет желілері мен көгілдір экранға көз сүзіп қалсаңыз, көрмеген сұмдықты көресіз. Алматыдағы шіркеулердің бірінде тегін таратылған киімдерді алуға 500-ге жуық ата-ана кезекке таласып, шу шығарғаны айтылды. Бұл бейбақтардың көбі ауылдан келген қазақтар екені жаһаннамға жария етілді. Әр қайсысы бестен, алтыдан бала ертіп келген, әлеуметтік жағдайы төмен жанұялардың бәріне шіркеу таратқан киімдер жетпей қалып, шулаған халықты басу үшін ұйымдастырушылар полиция шақыруға мәжбүр болды, деп хабарлайды «Azattyq Rýhy» тілшісі. Ақпарат желісінде тез тараған хабарламада, «Ешқандай құжат керек емес. Тек 14.11.21.жж күні сағат 11:00-де барасыз. Керек киімдерді тегін аласыз. Мектепке арналған қыстық киімдерде бар. Алматылықтар басқа топтарға таратыңыздар. Таныстарың, көршілерің көпбалалы болса немесе жағдайы төмен отбасы болса келсін» – деген хабарламаға сенген әлеуметтік жағдайлары төмен ауылдағы отбасылар да тұра шапқан ғой. Бұл хабарды естіген Алматы облысының тұрғындары таң атпай қаладағы шіркеуге ағылған. Киім алмақ түгілі, ғимараттың есігінен кіре алмай қайтқан халық аяғында даудамай шығарған. Бұл арада шіркеу қызметкерлерінің де қателігі бар. Бар жоғы отыз шақты киім-кешекке бола, жалпақ жұртқа жария салудың не қажеті бар еді?? Таратуға берілген киімдерде су жаңа емес-ті. Елдің әкеп өткізген киім-кешегін жариялы түрде таратамыз деп 500-ге жуық адамды жинап алған шіркеудің көздеген мақсаты не?? Елдің қымбатшылыққа ұрынып, жұмыссыздық белең алып, азық-түлікке, киім-кешекке қолдары жетпей отырғанын шіркеудегі діни қызметкерлер білмейді емес, біледі. Алайда, әлеуметтік акцияны ұйымдастырушылар аталған жағдайға қатысты кейінірек түсініктеме беретіндерін мәлімдеп, жауапкершіліктен ат тондарын ала қашқандары түсініксіз болып қалды.

Алматы облысы бойынша конфессиялар туралы ақпаратта орыс православ шіркеуі – 52, рим-католик шіркеуі – 11, ехоба куәгерлері – 10, бахай қауымдастығы – 1, кришина санасы – 1, протестанттық бағыттағылар – 95, інжілдік мәсіхші бап-тистер – 36, елінушілер – 38, пресвитериандар – 11, жетінші күн адвентистер – 4, лютерандар – 3, методистер – 3. Жалпы саны 170-ке тарта өзге діннің қызметтері бар екен. Көпұлтты мемлекетпіз деп жүріп, көп дінді ұйыстырған қоғамға айналыппыз. Құдай артын қайырлы қылсын делік. Бұрындары «Өнерде шекара жоқ» – деуші едік, енді дінде де шекара жоғын жоғарыдағы жәнебір Алматы облысындағы цифрлардан көріп, көзіміз шарасынан шығуда. Онсызда жат ағымдардың жетегіне еріп, адасып жүрген қазақтар енді шіркеулерді толтырып жүрмесе неғылсын. Тартуталағы таратамыз деп топырлатып шақырып алып, артынан полицияға жүгінген шіркеу қызметкерлерінің не ойлаған мақсаттары барын кім білсін. Шіркеуден шыққан шырғалаң мақала жазуға арқау болды. Тұрмыстық ахуалдары ауырлағандар неге мешіттерден көмек сұрамай, шіркеулерді жағалап жүр? Әйтпесе, имандылық үйі мешіттер де мұқтаж жандарға қамқорлық жасап келеді. Көп болмаса, аз да емес. Тіпті, әкімдік бере алмаған баспаналарды осы «Зекет», «Елге көмек», «Харекет» тағы басқа да қайырымдылық қорлары беріп келеді.

Айтақын МҰХАМАДИ

Суреттер ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 13 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 16.35 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.30 Aqparat
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Қар тағба»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.10 «Апта»
16.00 «Сұхбат»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 «Жатмекен»
23.30 «Таңшолпан»
00.30 «Сана» Ток-шоу
02.05 «Ashyq Alan»

ХАБАР
05.00, 16.00 Сериал «Родина ждет»
06.30 «Дневник независимости»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «Пассажир»
12.00 Д/ф «Елбасы. Летопись Независмости»
12.30 «Говорим о Казахстане»
13.15 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Бүгін»
18.00 Мегахит. «Оружейный барон»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бизнеске бағыт»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Тұмар»
22.30 Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»
23.30 Д/х «Еркіндік сезімдері»
00.30 Т/х «Қазақ хандығы-2»

АСТАНА
06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.30, 22.00 Т/х «Үзілген моншақ»
09.30, 22.00 «Қарындасым, Қарлығашым»
11.10 Т/х «Қызым»
12.20, 00.00 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «НурОтан»: ясные цели и конкретные дела!
16.15 «Шаншар»
16.30 Т/х «Ханзада Ли Сон»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00, 01.25 «Астана таймс»
21.00 «Әйел тағдыры-2»
02.20 Т/х «1001 түн»
03.40 «7 граней независимости»
04.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
04.40 «Үздік әзілдер»

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 Сериал «Женская версия. Тайна Партийной дачи»
13.10 «На самом деле»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз» ның тұсаукесері
20.00 «Главные новости»
20.40 Т/с «Условный мент-2»
00.30 «Желтый глаз тигра»
01.45 «Вертинский»
02.40 «112»
02.55 «Басты жаңалықтар»
03.20 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»

КТК
07.05 «КТК қоржынынан»
07.40 «Дау-дамайсыз»
08.10 Т/х «Журналист»
10.00 «Без шансов»
12.10 «Как выйти замуж»
16.00 «С кем поведешься...»
18.00 «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Шанхай»
22.45 «У каждого своя ложь»
00.50 «Немедленное реагирование»
02.30 «С кем поведешься...»
03.15 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсемәуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Жүрек сөзі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағы тұлға»
12.00 «Қазақүні»
12.35 «Полицейская служба»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Олжа»
13.30 «Әнтыңдайық»
14.00 «Талқы»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
15.00 «Зейнеп апа әңгімелері»
15.30 «Әсем әуен»
16.30 «Тәуелсіздік тұлғалары»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Әсем әуен»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Әсемәуен»
18.35 «Жанашыр» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Қазақтілі»
20.00 «Әдебиет пен адамзат»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Ән тыңдайық»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бүгінгідін»
22.30 «Әсемәуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ
06.00 Әзіл студио
07.20 Сериал «Ел егемен оқиғасы»
08.40, 01.40 «31 әзіл»
10.00 М/ф «Маша и медведь»
11.30, 22.00 «Ханшайым»
13.00, 21.00 Сериал «Ұшқан ұя»
14.00 М/ф «Тимон и Пумба»
15.00, 18.55 «Кухня»
16.00 Ералаш
16.25 Худ/ф «Призрачный гонщик»
02.30 Кел, татуласайық!
04.30 Whats upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Ерке мұң»
10.00, 17.40 «Полицейский с Рублевки»
11.20, 19.30 Сериал «Фемида видит»
12.40, 20.40 «Балабол-5»
14.00 «Тойlike»
16.00, 02.30 «Q-Елі»
16.40 Сериал «Вона Семей»
19.00 «Студия 7»
21.50, 04.20 «Бастық боламын»
23.00, 03.10 Т/х «Ағайындылар»
00.00 Сериал «Гранд»
01.10 Худ/ф «KZландия»

Сейсенбі - Вторник, 14 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН
06.00, 03.05 «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.15 Aqparat
07.00 «ТАҢШОЛПАН»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Қара тағба»
13.10 «Qyzyq Eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 Д/ф «Тәуелсіздік тарландары»
15.45, 02.40 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
16.10, 23.30 Т/х «Таңшолпан»
17.15 «Qyzyq Eken»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 «Жатмекен»
00.20 «Сана»
01.50 «Ashyq Alan»

ХАБАР
05.00 «Родина ждет»
06.30 «Дневник Независимости»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Оружейный барон»
12.00 Д/ф «Елбасы. Летопись Независимости»
12.30 «Говорим о Казахстане»
13.15 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Большая неделя»
16.00 Сериал «Марш бросок-2»
18.00 Мегахит. «Игры Киллеров»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Тарих айнасы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Тұмар»
22.30 Сериал «Барыс»
23.30 Д/х «Еркіндік сезімдері»
00.30 Т/х «Қазақ хандығы-2»

АСТАНА
06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.30, 22.00 Т/х «Қарындасым, Қарлығашым»
11.10 Т/х «Қызым»
12.20, 00.00 «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «Нуротан: ясные цели и конкретные дела!»
16.15 «Шаншар»
16.30 «Ханзада ли Сон»
18.00 «Фазилет ханым»
20.00, 01.25 «Астана таймс»
21.00 «Әйел тағдыры-2»
02.20 «1001 түн»
03.40 «7 граней независимости»
04.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
04.40 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Жить здорово!»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
08.00 «Доброе утро, Казахстан!»
09.00 «Пусть говорят»
10.10 «Женская версия». «Ловцы душ»
11.10 Сериал «Дорога в пустоту»
13.10 «На самом деле»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз» ның тұсаукесері
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Условный мент-2»
00.30 «Желтый глаз тигра»
01.45 Сериал «Вертинский»
02.40 «112»
02.55 «Басты жаңалықтар»
03.20 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»

КТК
07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 Кешкі жаңалықтар
08.00 Т/х «Журналист»
08.20 «Бақыт жолында»
10.00 Новости
10.40 «Было дело»
11.40 «У каждого своя ложь»
13.50 «Немедленное реагирование»
16.00 «Самый лучший муж»
18.00 «Әулеттер тартысы»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «Шанхай»
22.55 «У каждого своя ложь»
01.00 «Немедленное реагирование»
02.40 «С кем поведешься...»
03.25 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
04.10-04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ұлт құндылығы»
10.30 «Қазақ тілі»
11.00 «Жанашыр»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздікжылнамасы»
11.53 «Тұғырдағытұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісу батырлары»
13.00 «Әдебиет пен адамзат»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсемәуен»
14.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
15.00 «Зерде»
15.30 «Бүгінгідін»
16.30 «Тәуелсіздік тұлғалары»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Әсем әуен»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Әсемәуен»
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Арманыма хат» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ
06.00 Әзіл студио
06.20 Информбюро
07.20 Сериал «Ел егемен оқиғасы»
08.40, 01.20 31 әзіл
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.30, 22.00 Сериал «Ханшайым»
13.00, 21.00 Сериал «Ұшқан ұя»
14.00 М/с «Тимон и Пумба»
15.00, 18.55 Сериал «Кухня»
16.00 Ералаш
16.30 Худ/ф «Универсальный солдат»
20.00 Информбюро
23.40 Худ/ф «Универсальный солдат-2»
02.30 Кел, татуласайық!
04.30 Whats up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, QAZAQSTAN»
09.00, 15.00 «Ерке мұң»
10.00, 17.40 Т/с «Полицейский с Рублевки»
11.20, 19.30 Сериал «Фемида видит»
12.40, 20.40 Сериал «Балабол-5»
14.00 «Тойlike»
16.00, 02.30 «Q-Елі»
16.40 Сериал «Война Семей»
19.00 «Студия 7»
21.50, 04.20 «Бастық боламын»
23.00, 03.10 Т/х «Ағайындылар»
00.00 Сериал «Гранд»
01.10 Сериал «Там, куда падают звезды»

Сәрсенбі - Среда, 15 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН
06.05 Д/ф «Қазыналы Қазақстан»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00,17.00, 20.00, 01.15 Aqparat
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Қара тағба»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Тәуелсіздік тарландары»
15.40 Д/ф «Бір халық, бір ел, бір тағдыр»
16.05, 23.30 Т/х «Таңшолпан»
17.15 «Qyzyq eken»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Жат мекен»
00.20 «Азаттықтың асқақ әні»
01.50 «Ashyq alan»
02.40 «Тәуелсіздік тәуекелдері»

ХАБАР
05.00, 16.00 Сериал «Марш Бросок-2»
06.30 «Дневник Независимости»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Игры Киллеров»
12.00 Д/ф «Елбасы. Летопись Независимости»
12.30 «Говорим о Казахстане»
13.15 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Бүгін»
18.00 Мегахит. «Ямакаси: Свобода в движении»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Д/ф «Фактор Назарбаева»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Тұмар»
22.30 Сериал «Барыс»
23.30 Д/х «Еркіндік сезімдері»
00.30 Т/х «Қазақ хандығы-2»

АСТАНА
06.00 «Белгісіз жан»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.30, 22.00 «Қарындасым қарлығашым»
11.10 Т/х «Қызым»
12.20, 00.00 Т/х «Жауынгер»
14.00 «Айтарым бар»
15.00 «НурОтан»: ясные цели и конкретные дела!
16.15 «Шаншар»
16.30 «Ханзада Ли Сон»
18.00 Т/х «Фазилет ханым»
20.00, 01.25 «Astana times»
21.00 «Әйел тағдыры-2»
02.20 «1001 түн»
03.40 «7 граней независимости»
04.00 «Сүлеймен Сұлтан»
04.40 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ
06.00 «Жить здорово»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
08.00 «Доброе утро, Казахстан»
09.00 «Пусть говорят»
10.10 «Женская версия». «Ловцы душ»
11.10 «Дорога в пустоту»
13.10 «На самом деле»
14.15 «112»
14.30 «QOSLIKE»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз» ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 «Поле чудес»
22.00 «Условный мент-2»
23.55 «Желтый глаз тигра»
01.45 «Вертинский»
02.40 «112»
02.55 «Басты жаңалықтар»
03.20 «Қарлығаш ұя салғанда»

КТК
07.05 «КТК Қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.50 Т/х «Журналист»
09.50 Новости
10.40 Было дело
11.40 «У каждого своя ложь»
13.50 «Немедленное реагирование»
16.00 «Самый лучший муж»
17.00 «В формате VHS»
18.10 «Әулеттер тартысы»
19.00 «Арнайы репортаж. Жаңарған өзен»
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Шанхай»
22.45 «Спецвыпуск. Жанаозен 10 лет спустя»
23.10 «У каждого своя ложь»
01.00 «Немедленное реагирование»
02.30 «С кем поведешься...»
03.15 «Астарлы ақиқат»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Полицейская служба»
10.30 «Сегодня»
11.00 «Дәрігер кеңесі»
11.45 «Спорт» (әдіс)
11.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
11.53 «Тұғырдағытұлға»
12.00 «Шашу»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
13.30 «Ән тыңдайық»
14.00 «Әсем әуен»
14.50 «Тарихнама» (қазақ хандары)
14.57 «Жүрексөзі»
15.30 «Әсемәуен»
16.30 «Тәуелсіздік тұлғалары»
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Әсемәуен»
17.52 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Әсемәуен»
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 «Тәуелсіздіктің құрдастары»
20.15 «Алматы облысы - 20 жыл (20 тұлға)»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Зейнеп апа әңгімелері»
22.35 «Әсемәуен»
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар
21.00 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Әнмен атқан таңдар ай» концерті
23.10 Новости
23.35 Жаңалықтар

31 КАНАЛ
06.00 Әзіл студио
06.20 Информбюро
07.20 «Ел егемен оқиғасы»
08.40, 02.00 31 әзіл
10.00 М/с «Маша и медведь»
11.30, 22.00 Сериал «Ұшқан ұя»
14.00 М/с «Тимон и пумба»
15.00, 18.55 Сериал «Кухня»
16.00 Ералаш
17.00 Х/ф «Универсиальный солдат- 2»
20.00 Информбюро
23.40 Х/ф «Интернэшнл»
02.30 Кел, татуласайық!
04.30 Whats upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ
06.00, 05.20 «Қуырдақ»
07.00 «Оян, Қазақстан»
09.00, 15.00 Т/х «Ерке мұң»
10.00, 17.40 «Полицейский с Рублевки»
11.20, 19.30 «Фемида видит»
12.40, 20.40 «Балабол- 5»
14.00 «Тойlike»
16.00, 02.30 «Q-Елі»
16.40 Сериал «Война семей»
19.00 «Студия 7»
21.50, 04.20 Т/х «Бастық боламын»
00.00 Сериал «Гранд»
01.10 «Там, куда падают звезды»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Нұрмолда АЛДАБЕРГЕНОВ – 115

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫНДА НҰРМОЛДА АЛДАБЕРГЕНОВТЫ ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ ӨТТІ.

Нұрмолда Алдабергенов мақсатына жеткенше тыным таппайтын еңбекқор, арнамысқа, уәдеге, қайырымдылық атты рухани тәлімдерге бай тұлға болды. Ол Жер-ананың рахатына жоғары жауапкершілікпен, аянбай тер төккенде ғана жетуге болатынына кәміл сенді. Міне, осылайша мінезіне сіңген сабырлық, ұстамдылық арқасында халқының аса қадірлі азаматына айналды. Еліне деген ізгі іс-әрекеттер оның абыройын асқақтата көтеруіне жол ашты. Оны ұлтымыздың ұлы перзенті деп атағанымыз өте орынды.

Нұрмолда Алдабергенов шет елдерде болған сапарларында өзінің бай тәжірибесімен бөлісіп, олардан көрген өнегелерін қалт жібермей қабылдап, оны жергілікті ерекшеліктерге бейімдеп, батыл енгізіп отырды. 1957 жылы Каирде өткен Азия мен Африка елдерінің халықаралық ынтымақтастық конференциясына делегат болып, содан 10 жыл өткеннен кейін 1967 жылы Қазақ достық-мәдени қатынас жасау қоғамының, осындай Кеңестер одағының Бүкілодақтық конференциясы делегаттарының бірі болып қатысты. Замандастары Аппақ Мусапиров, Ақық Нұрманбетов, Базарбай Асанбаев, Саумал Ноғайбаева, Қатша Есболатова, Қалдыбала Тергеуова, Гайворонская Федосия сынды бір Шұбардан 20 Алтын жұлдызды адамдардың шығуы ақпейіл басшының аялы алақанымен абырой-атаққа кенелгендері бәрімізге мәлім. Жанында жалыны, жүрегінде оты бар өжет оқушыларды мектеп қабырғасында жүрген кезден-ақ тани білген, оларды колхоз есебінен оқытып, білімді маман болып шығуларына жағдай жасаған. Солардың ішінен сайдың тасындай іріктелген Кеңес Жандыбаев, Сейдақ Нысанбаев, Жекен Жетпісбаев, Ян-Борис Разбицкий, Қыдырбек Махметов сияқты көптеген талантты өндіріс ұйымдастырушылары Нұрағаның биік мұратына берілгендіктен, сенімін адалдықпен ақтады. Сондай-ақ бұл Көксу ауылшаруашылық техникумынан Шұбар ауылының көптеген ұл-қыздары оқып, әр түрлі мамандық иегері болып колхоз экономикасын көтеруге үлестерін қосты. Мысалы, Ж.Шатырбеков, Д.Қазанғапов, О.Сүлейменов, Әбдуәли мен Зина Арғынбаевтар колхозда бірі инженер, бригадир, есепші болып қызмет атқарса, менің сіңілілерім Тергеуова Шайжан, Сыздықбаева Шайгүл, Иманқұлова Зәуреш звено жетекшілері болып қызылша өсіріп, одан жоғары өнім алып, ел сенімін ақтап, бірі КПСС 26 съезіне делегат, бірі ВЛКСМ-ның 15 съезіне делегат, бірі Қазақстан Жоғары Кеңесіне депутат болып сайланды. Сонымен қатар Алдабергенов ауылының бірнеше ұл мен қызы осы колледжде ұстаз болып қызмет атқаруда.

Ал менің немерелерім Махметовтер әулетінен Қанат, Айдос, Айдарбек, Нұрилә, Гүлшат, Әділет, Әлішер, Нұрлан, Нұржан осы колледжден білім алып, еліміздің әр қаласында, ауылында қызмет атқарып, білімдерін шыңдап жоғарғы оқу орындарында еңбектен қол үзбей сырттай оқып өздерінің қалаған мамандықтарымен қызмет атқаруда.

Шайбала ӘМІРИСАҚЫЗЫ,
Алматы облысыны Құрметті азаматы,
Екі мәрте Еңбек Ері,
Нұрмолда Алдабергеновтың еңбектегі шәкірті.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ

АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Балабақша – баланың жүйелі түрде білім – тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы десек, тәрбиешілерді балабақшаның жүрегі деуге болады.

Балабақшаның балаға беретін тәлім-тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, тәрбиешілерге байланысты.

Тәрбиешілердің өнегелі істері мен тәлім-тәрбиесінің адам өміріне әсері, ықпалы зор-ақ.

Талдықорған қаласындағы «Bambini» жекеменшік балабақшасының «Сұңқар» тобының тәрбиешілері Шарипбаева Миргүл Сейтқалымқызы мен Қапышова Мереке Құрманғалиқызы балабақша табалдырығын аттаған әрбір бүлдіршіннің көңіл кілтін тауып, олардың тұлға болып қалыптасуына сүбелі үлестерін қосып келеді. Негізінде тәрбиешілер мойнына әр баланың бойына білім нәрін сеуіп, тәрбие ұрығын егіп, таудай азамат етіп шығару міндеті жүктелген. Осы орайда Миргүл Шарипбаева мен Мереке Қапышованың еңбегі зор-ақ.

Бала жанын терең ұғынған талапшыл, мәдениетті, кішіпейіл, ата-аналармен жақсы қарым-қатынас орната білген осы бір тәрбиешілерге ата-аналық алғысымды білдіргім келеді. Екі бірдей тәрбиешінің жақсы қасиеттерін кішкене ұлым Нұрасылдың бойынан танып, көріп отырамын. Ендеше, бала тәрбиесінде елеулі үлес қосып келетін тәрбиешілер еңбегі жана бергей!

Жансая НҰРАХМЕТОВА,
«Сұңқар» тобының ата-анасы.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

МАМАН МІНБЕРІ

Тәуелсіз еліміздің 30 жылдық белесінен асып баратын шақта жемқорлық індетімен күресу әр азаматтың міндеті. Бүгінгі күні жаңа қоғам, жаңа уақытта өмір сүріп жатырмыз. Еліміз өркендеу дәуіріне жаһандағы технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне нық қадам басып келеді.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Жаңа саяси бағыт біздің қалай жұмыс істейтінімізді, тұрмысымызды, өз құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды анықтап беріп отыр. Елімізде жаңа қоғамның сипаты ол құқық пен заңның орындалуы болса, осы жолда жетістіктеріміз аз емес. Алайда әлемдік елдер қатарынан көрінуге кедергі болатын ішкі індет те жоқ емес, ол жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, дамыған елдер қатарына ену процесін баяулататын елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Мемлекеттік органдарда осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын тауып жатқаны көңіл қуантады.

Алматы облысы Әділет департаменті өз тарапынан жемқорлықпен күрес мәселесін күн тәртібінен түсірген емес. Жыл басынан бері қызметкерлер арасында тұрақты түрде сыбайлас-жемқорлық тақырыбында сауалнамалар ұйымдастырылып, арнайы жасалған жадынамалар таратылды. Жыл бойына департамент тарапынан аудан және қалааралық әділет басқармалары қызметкерлеріне бірнеше рет түсіндіру шаралары жүргізілді. Әртүрлі тақырыптағы жиындар ұйымдастырылып, кездесу барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңының талаптары мен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі қағидалары талқыланып, қызметкерлер сұрақтарына жауап алынды.

Алматы облысы Әділет департаменті өз тарапынан мемлекеттік қызмет этикасын түсіндіру мәселесі басты назарда. Жыл басынан бері қызметкерлер арасында бірнеше рет аталған тақырыпта әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирлер ұйымдастырылып, арнайы мақалалар облыстық газеттерде жарияланып отырды. Қоғамдық пікірді және бүгінгі ақпараттар заманындағы әлеуметтік желі мен БАҚ құралдарының төртінші билік екендігін есепке ала отырып, өз-өзіне жоғары талап қоя білу мемлекеттік қызметшінің өзін-өзі ұдайы жетілдіру ғана емес, өзгелерден де осыны талап ету болып табылады. Талап қою, сұрай білу де мемлекеттік қызметшінің кәсіптік имиджінің моральдық кодексінің талаптарының бірі. Талап ету – сенім білдірумен, сыйлаумен сабақтасып жатуы қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес Алматы облысы Әділет департаментінің басты назарында. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын сыбайлас жемқорлық саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қайрат ПИЛАЛОВ,
Алматы облысы Әділет департаменті басшысының орынбасары Әдеп жөніндегі уәкіл.

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

АЙ АСТЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Жібек жолының көне сүрлеуімен созаландай изектеген геодезистер сапарға шыққандарына айға жуықтаған мерзімде, ұшы қиырсыз маң дала, ежелгі Шу өзені мен Сарысудың қосылар тұсына жеткенде ойға келмеген оғаш оқиғаға тап болды.Күн қызып кетпей жол ұтайық деумен кейінгі аптаның ішінде түнде жүруді салтқа айналдырған. Ай толып туған сәуірдің іші болатын. Маң даланың өз буына өзі мас болып толықсыған ғашық жардай қызуы түгіне теуіп түлеп, түрленіп жатысы қандай, жол жиегіндегі тұнып ғана, нанбасаңдар соңғы түйеде мүлгіп келе жатқан музейшілден сұраңдар.– Отырар қираса – ел ауып кетпес, одан асып Сығанаққа, Жаңакентке жетіп жығылып жұрт тамсанған жайма базар жасаймыз. – Алжаспасты алжастырған, адаспасты адастырған мезгіл өлшемі мына жолдағы бу секілді, Сығанағың жермен-жексен, қала көшелерінде «Сунақата» ұжымының күрмек басқан күріш танабын көресіңдер, Оғызкенттің орнына айналасын сымтемірмен қоршаған гараж орнаған, ал Жаңакент ұлы өзен тасығанда қызыл судың астында қалып құмға көмілген деп естігенмін. – О-о-ой, бауырым -о-о-ой!.. Енді қайда барып бас сауғалаймыз, түйеміздің белін қай заманда босатамыз, бұл неғылған сергелдең сапар, пәтуасыз ұзақ жол еді! – деп күйек сақалды керуенбасы дауыс бетіндегі бір-бірімен ызғысқан, болмашыға таласып, болмашыны бұлдаған тіршіліктеріңнен әбден қажып шаршаған, орталарыңнан безе қашқан бейбақ екен, үйіріне қосыла қоймас.– Қара бастың, қарын ашпастың қамын ойлаған күйкі тіршілік сендермен кеткен, біздің ұрпақ мағыналы, мәнді үлкен өмірдің шылауында жүр.«Өмір, өмір» деген сөзді күйек сақал естіген сайын белінен қамшы тиген кісідей, шын әбіржіп, көрер көзге рухы түсіп, манағы айбарынан мүлде айрылып, бүкшиіп, сексиіп бұлардан ұзай берген. Әлгі сөзде сиқыр бар ма деп қалды. Қиыр кеңісте тізбектеліп, балақанасы теңселіп, асынған жарақтары ай нұрына шағылысып, тәкаппар басып сап түзеген көне керуен көкжиекке дембе-дем жұтыла түсті. Өмірсерік қарқылдай күліп, «Өмір!.. Өмір!..» деп дұғасына айналған сөзді қайталай берді. Ежелгі керуен әне-міне дегенше маң даланың бетімен сырғып жоғалды! Әлден уақытта таң атып, күн шыға шаңытқан жолмен төрт түйемен сабылып келе жатып Өмірсерік «әлгі көргенім түсім бе, әлде өңім бе» деп өз-өзінен таң қалды. Жанындағы қалғып-мүлгіген серіктерінен түндегі ай астындағы оқиғадан «не білдіңдер» деп мазалап, мағынасыз сөзді сағызша созғысы келмеді. Түрлеріне қарағанда жарытып ештеме сезбеген секілді. Апырмау, өзіне ғана көрінген, біразырақ сауалдасып тілдескен күйек сақал керуенбасының қылығын неге жоруға болар еді, осы «өмір» деген сөзде не сиқыр бар екенін болжар ма еді.Жібек жолының шын иелері тізбектеліп керуен тартып бүгінгі ұрпақтың жүріс-тұрысынан, сөз саптасынан өздерінің баяғы байырғы қасиетін көргісі келіп әлі күнге сабылып жүр екен-ау деп кемсеңдеді Өмірсерік. Түп-тамырына тартып ұрпақ жетіле ме сонда? Таңда машқар күнінде, ғазауат майданының қыл көпірінде кімнің қандай өмір керуенін ұзарта тартқаны сынға түсер-ау, сөз болар-ау.Әр адамның өмірі бір-бір керуен, сол керуенді қай қиырға жеткізіп, нендей жүкті артқызып апарысқаныңды, арпалысқаныңды, қарадай жүріп өліп-өшкеніңді келер ұрпақ сезіп білер. Керуеніңнің жарты жолда жүгі ауып қалмасын деп тілейікші. Сәрсенбі күні сәуірдің аппақ таңы жер бетінің шымылдығын ашқанда алыстан бұлдырап кәрі Қаратаудың сұлбасы шалынды. Қиыр даланың мігірсіз бетінде желкенін түсіріп дамылдап тұрған алып кеме секілді. Жолаушылар мұхит кеңісіне шығып кетіп, сұрапыл дауылға ұшырап, кемесі қирап, салға жармасқан жылаулы теңізшілер секілді алғашында алақандарымен көзін уқалап, түйе үстіне түрегеліп шығып «Қаратау!, Қаратау!», – деп айқайлады. Кемесі суға кетіп қарық болған Колумбтың теңізшілерінің өлдім-талдым дегенде көкжиекке мойын созып «Жер, жер!»,–деп айқай салғаны секілді. Әсіресе музейшіл мен Біләл алақайлап қуанып, түйелерін борбайлатып, желдірте жосып діттеген межеге қазір-ақ жетіп барғысы келгендей емпеңдей ұмтылысты. Мұса түйесінен сыпырылып түсіп, жол жиегіне қос тізерлей шөкелеп өткен-кеткен аруақтарға бағыштап қол жайып Құран оқыды. Көлігі иығы босағанға басы былғаңдап тұтасып шыққан ажырыққа жайылды, майы шыққан кекіреге қылғынып түйіле жаздады.Жібек жолының Қаратау құйымшағына ілінер тұсына жеткенде алдарынан ақсаңдай басқан, үйірінен адасып, қаңғып қалған, басы бұлғақтаған соқыр киік шықты. «Атып ала коялық, кәуәп қып шокқа қақтап жейік», – деп қос ауыз мылтығына жармасқан Біләлді серіктері тоқтатты. Онсыз да талай оқ тиген, майданнан шыққан солдаттай сіңіріне ілінген жануарды атып неғыласың десті. Әлгі аң құтырған ба, басы былғаңдап керуенге тура салып келеді, үркетін, сескенетін емес. Сөйтсе мертіккен аң бұларды өз үйіріне жорып, текке жортақтапты ғой, таяқ тастамға тақап қалғанда барып адам даусын естіп жалт бұрылды. Осындайда Сәкеннің Бетпақдаланың бетімен сапар шегіп келе жатып шығарған «Ақсақ киік» әні еріксіз еске оралады екен.Сағымға сіңіп бара жатқан киіктің соңынан қарап қалған Біләл толғанды, осы мен ортамнан бөлініп, бағыт-бағдарымнан айрылып өңшең қиялиларға ілесіп қаңғып жүрген ақсақ киікке ұқсаймын. Жылдағы жалғыз демалысымды тұз суырған, жерінің миы шыққан Арал маңында, құрдымның айналасында қаңғалақтап текке өлтірдім. Менен өзге басы істейтін қатарым болса, кәсіподақ комитетінен мынау деген айрықша жолдама алар еді, ақшаны бүктеп чемодан түбіне салар еді, тау баурайындағы шырша жамылған демалыс орнының жеке орындық бөлмесін иемденіп, тәуір қыздарды, сүйкімді келіншектерді маңайына жинап алып, әй, сейілді құрар еді. Құдай сүйер қылығым жоқ. Баяғының әңгімесін қозғаймыз, Жібек жолының ол шеті мен бұл шетіне туристік жол жоба жасап барлаймыз, көргенімізді, білгенімізді бірін қалдырмай қағазға түсіреміз деп жынды кісіше ел шетінде тепіректеп жүргенімізге жол болсын. Есің барда елің тап деген, осыдан аман-есен Түркістанға аяқ іліктірсем, мына қиялиларды желкемнің шұқыры көрсін-ай...

шыққан қызғалдаққа ауыз салған түйелердің езуі қызыл жоса. Ұзақ сапардан қажыған жолаушылар түйе беліне таңып қойған тірі тұлып секілді, тіл-ауыздан қалып, бастары кеудеге домалап, мүлгіп-қалғумен әуре. Бас түйеде келе жатқан Өмірсеріктің құлағына әлдеқайдан еміс-еміс оғаш дыбыс естілгендей болды, ұйқы тығылған жанарын уқалап алдындағы жолға тігілді, ай астына еміне үңілді. Жон арқасы ду-ду титіркенді. Күміс табақ ай жер бетіне сүт сәулесін үздіксіз себелейді. Күміс қоңыраудың сылдыр-сыңғыр үні естілді, қарақоңыр көкжиектен бірте-бірте ажыраған қарауытқан шоғыр жазық бетімен жылжыған түп жусанға ұқсаған еді, енді біраздасын үйдей үлкейіп зорая түсті, астындағы қара нар құлағын қайшылап үркектей берген соң тамағын кенеп қатқыл дыбыс шығарып, «Айтшуу!» деп тебінген еді... Бермен қарай дыбыссыз жылжып жақындап келе жатқан қарақоңыр нәрсе ендігі мәурітте тәспінің тасындай тізілген керуен тізбегіне айналғаны... түйелері соншама ірі, теңдері жадығашы сықырлай теңселіп, асыл матадан тігілген балақанасы самал желмен тербеліп, ақырын жылжып тақап қалды. Керуеннен шаң басқан, күнге күйген көліктің легі еседі. Қорыққаннан бұрын жұдырықтайдының кері келіп Өмірсерік оқыс дауыстап қалды, түнгі дала дір еткендей сезілді. – Неғылған адамсың-дар-әй?! Құпия керуеннің бас түйесі сонадай тұсқа қапталдаса бергені. Керуенбасы сақалы күйектей, қақпақ жауырынды, қызылшырайлы, қоңқақ мұрын, өткір жанарлы қазақтың батырына келеді. Керуені неткен ұзын еді, жиһазы жер үстінің не қилы байлығын теңдеп тиеп алғандай, қараған көзді магнитше тартады. Теңселген балақана ішінде үріп ауызға салғандай, қасы-көзі қиылған әдемі жолбикелер бар ма деп қалды. Таңдайы тобарсып, жанары жасаурады. – Құлаған қорғанның астынан қайта тіріліп шыққан Шыңғысханның керуені секілді қайдан жүрген кезбесіңдер? Керуенбасының үні кәдімгі жер астынан шыққандай құмығып бір түрлі күңгірлеп естілді. – Иә, біз Жібек жолының баяғы көнекөз кірекештері боламыз, қытай жібегін, ауған кілемін, үнді құрмасын, зәңгі маржанын, жапон жақұтын теңселдіріп артып Отырар базарына жол алған бетіміз. Сары теңізден бұйда тартып шыққанымызға мың жылдай уақыт болды. – Мың жылдан бері Жібек жолының бойында шашылып қалмай сықырлап жүрген неғылған жаны сірі немесіңдер? Әлде ауада ұшып жүрген елессің бе? – Жігітім, өйтіп бізді қорлама, тілі қышыған еркекке маңғұлдың торғауытынан, дүрбіттің қолдайынан, шүршіттің шүрегейінен құтқарған қайқы қылышымыз жанылады. – Ендеше діттеп келе жатқан Отырарларың неше ықылым жаугершілік заманды өткеріп әлдеқашан қирап қалған, орнында тарихи мұражай салып өкіріп кеп жылаған. – Кірекештерім киім ауыстырмағалы қанша заман, бикелерім балақанадан түспегелі қатып-семіп сола бастады, ой-ой, бауырым-ой!.. – Ақсақал, ендеше бізге ілесіңіз, Түркістанға жетіп жығылсақ бір амалын табармыз. – Біздер құм заманының адамдарымыз, сендер темір заманының адамдарысыңдар, құсты да темірден жасап ұшырасыңдар, ділімізді түсініп, дітімізді біліп тіршілік жасайтын пенде табылмас-ау. Қор болып қыстығып темірге жаншылғанша дала бетімен ебелекше сырғып көшіп-қонып кете бермейміз бе одан да. – Мүліктеріңнің біразын бізге беріп кетсеңдер болмас па, музейге қоялық. – Тезек дүниені қымтамай қалдырармыз-ау, әйтсе де күні ертең күлге айналар көне жиһазға таласып, итше ырылдасып бір-біріңе залал жасайсыңдар ма деп қорқамыз. – Өкімет мүлкіне, көне ескерткішке қол сұғуға заң жібермейді. – Ендеше неге шекелерің қушиып, пейілдерің тарылып кеткен? Беделге, қызметке, ақшаға, абыройға хан тағына таласқаннан бетер таласып істемейтіндерің кем, бір-біріңді түтіп жеуден тайын-байсыңдар. –Ақсақал-ау, көріпкел сәуегейше сампылдайсыз, үлкен кісіге өсек айту күпірлік емес пе?! – Омай деген, күнә, күпірлік менің не теңім? Керуен соңында келе жатқан ана жігіт сендердің ызғысқан пәтуасы кеткен орталарыңнан қашып келіп бізге тығылды емес пе? Жібек жолының күйек сақал керуенбасы соңғы түйедегі төбедей жігітті таяғымен нұсқады.Тани кетті. Апта бұрын араларынан зым-зия жоғалған Палмантай кеңкелес баяғының керуеніне ілесіп, жанары атысып аспандай қарап, тұсынан ақырын жылжып өтіп барады. Мұндай да бұрын-соңды адам естімеген, кісі сенбес сұмдық болады екен-ау. Даусы еріксіз шығып кетті.– Азаматым, ашуға басып артық кетпе, көлігіңді ақылдың ауылына бұр! Ежелгі керуеншілерге ілессең ізің сұйылып, шаң-тозаңның астына көмілесің, бізбен жүрсең, ел шетінен баспана сатып алып үйленіп, әйел құшып, бала сүйіп, аз да болса қызық көресің. «Әйел» деген сөзді естігенде ай астындағы ұзына керуеннің басшысы жыны ұстаған бақсыдай көтеріліп кетті.– Омай деген! «Әйел» деп әспеттегендерің еркекпен бірдей жұмыс істеп білегі қайыс, тақымы тарамыс болған, шашы келте, сөзі ұзын, аяқ-қолы балғадай, дзю-до, каратэмен айналысатын, басынан сөз асырмай салғыласатын сайтанның сапалағы ма? –Әйелдік намысты қолдан бермей жүргені неге тұрады, оқыған десе оқыған, тоқыған десе тоқыған. –Әйел намысы – әдемілігінде, нәзіктігінде, шырағым. Мақтадай жұмсақ, аумақты жанарымен тілдескен, жаныңа желеу, жүрегіңе медеу біздің бикелерге әйел жете ме!.. Бұлардың ыстық құшағына сүңгіп, тілін сорып нәр алған еркек сүйегіне дейін балқып пәлен жасқа жасарып шығады. Палмантайың жер

Дүкенбай ДОСЖАН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТИЫН

Әңгіме

Содан бері көп күн өтті. Бес жасар бала торыға бастады. Көкесін ақ кебінге орап, ай белгісі жарқыраған қорымдағы жер тереңіне берген. Атасын екі аға құшақтап тұрды. Барлығы көкесі жатқан шұңқырға топырақ тастады. Топырақты іліп алатын күрек қолға берілмеді. Әркім өз міндетінен соң сабын жерге тастап, келесі адам жерден өзі көтеріп жатты. Кезек балаға да келді. Ол да көкесіне құм тастады…

Үш күн өтіп, кісі аяғы ба-сылған соң ғана атасы тілге келді.

– Көкем қашан келеді? – деді бала.

– Келеді, – деді атасы.

Содан бері көп күн өтті. Апасының да күрсінісі көбейді. Көкесі бардағы мейірімді жүзі көкайыл тартты. Мұны көп еркелетпейтін болды. Атасымен де жиі-жиі сөзге келіп қалатынды шығарды. Ақыры кетіп тынған. Қақпадан үлкен жүк мәшинесі көрінді де, апасы мен бейтаныс аға жүктерді арбаға тией бастады. Шарасыз атасы апасының жанына келді.

– Қалқам-ау, тым құрыса асын күтпедің бе? Бейтаныс аға жерге қарады. Апасы мұның басынан сипаған.

– Ақыры айырылысатын болған соң, ұзын арқау кең тұсау болмай кетіп тынайын… Бөтеннің босағасында жаутаңдатқанша, қара нан жеп, қара су ішсе де, жаныңызда болсын, немереңізді өзіңізге қалдырамын, – деді.

Мұнан соң атасы ләм деген жоқ. Апасы бейтаныс ағаның көлігіне мініп кете барды. Мені апам тастап кетті деп тұжырды бала. Ол апасын сағынамын-ау деп ойламады. Көкесі ерте-е-е-ең үйге келгенде апаң қайда десе не деп жауап беремін деп қамықты. Көкесін кілемге орап үйден бір топ аға са-тымен алып шыққан күндегідей атасы үнсіз қабарды. Жадағайын иығына жамылып жатып алды. Сауылусыз қалған ала сиыр мөңіреді. Сол күні бұлар мекен еткен үйдің мұржасынан түтін шықпады…

Содан бері көп күн өтті. Бала көкесін сағынып жүр. Дағарадай үйде атасы мен екеуі ғана. Суалуға жақын ала сиырды көршінің келіні сауып береді. Әрегідік белінің шойырылып қалатыны болмаса, қара шалдың қайраты әзірге сары самаурынды қайнатуға жарап тұр. Әсте айқұлақтанып, алагүдектенбейтін тұйық бала әкесінен айырылғалы бері тіпті томаға тартты. Күні бойы атасын айналшықтайды.

Бірақ, көкесі келмейтін сыңайлы. Ауылдың сыртында қозы қайырып жүріп, айдамал тұс болса да бейітіне екі рет ба-рып қайтты. Сопақша көк тастың бетінен көкесінің суреті өзіне қарап тұр.

– Көке, жүр, үйге қайтамыз, – деді бала.

– Көке десе…

– Көке, апам бізден кетті. Үйге жүрші, ермек ететін телебізер де бұзылып қалды…

Көкесі төмпешік астынан бой көрсетпеді. Ерте көктемнің нәурізегі көкте шырыл қақты.

– Осы менің көкем қашан келеді? – деді атасына.

Шал немересін алдағысы келмеді. Шы-нын айтты.

– Е, қалқам-ай, әкең о дүние мен бұ дүниенің арасын бір-ақ тұтам қылып кете барған жоқ па?

Азалы шал немересінің ерініне жұққан тәтті жұғынын кесе ысып отырған сулығымен сүртті. Жіпсіген маңдайын ақ шаршымен желпіп алды да, қайнақ суы өңешінен орын тауып, қаңсыған самаурын-ды сыртқа жайғап келді. Ұртындағы сөктен еріні бұлтиған немересі атасының аяғын ала жантайды.

– Көкем сонда қайда кетіпті? – деді.

Шал абыл-сабыл күйге түсті. Қапырықты елемей, жадағайын иығына тартып жамы-лып, әбігерге түсті. Іле жауап беруім керек деп шешті де, шеміршек болып қатып қалған алақанымен немересінің кекілін сипады.

– Көкең бұ дүниені тастап о дүниеге кетті.

– О дүние деген не?

– О дүние деген – әруақтардың мекені.

Әрдеменің басын шалып сұрап жатқан ұл шаңыраққа қарап аз-кем ойланды да, ұшып тұрып, босағадағы сүйретпесін киді.

– Ата, жүр онда көкеме барайық, – дегені.

Шал жерге қарады.

– Жүрші, ата.

– Көкемнің көк дөненіне аяқ артсақ, шашасының желі бар емес пе, демде жеткізеді.

Иесінің артында қалған жалғыз тұяқтың өзі туралы айтқанын естіп қойғандай, сайдың саясында шідерімен шоқырақтап жусап жүрген құйрық-жалы күзеулі көк дөнен пысқырынды.

– Ата, көкемді сағындым…

Шал күрсінді. Иегі кемсеңдеп, шоқша сақалы селк-селк етіп өксіді.

– Мені сағынбады дейсің-ау, жарығым!

– Ата…

Кішкене ұл сүйретпесінің темір ілгегін салып, сақадай сай күйі күтіп тұр. Шал немересін алдарқатпақ болды:

– Құлыным, біз көк дөненмен ол жаққа бара алмаймыз. Ортада үлкен теңіз бар…

– Ал, көкемді о дүниеге кім өткізді?

– Қайықшы да…

Бала дарияның арғы бетіндегі түп нағашыларына барғанда қыдырып барған сайын қайыққа мінетін. Өткізушілік міндеті үшін арбайған саусақтары ескектерді баппен есетін қаба сақалды, қарағай бойлы қара шалға тиын төлейтін. Кішкене ұл шынашақ саусағын тістелеп ойланып қалды. Түнеугүні апасы сағыз үшін берген тиынды сақтап қойған жерді жедел еске түсірді. Түрулі киіз үйдің сүйегіне тақау төселген, қызыл ала қошқар мүйізі бедерленген текеметтің шетін көтеріп, тапталған дымқыл топырақ бетінде жатқан бақырды саусағымен іліп алып, ата-сына көрсетті.

– Міне. Мұны қайықшыға төлей аламыз.

Шал мүлдем абдырды. Періштеге жалған сөйлеп, күнәға белшемнен баттым-ау деп қамықты.

– Бұл тиын жетпейді, – деді, – Қайықшының сұрайтыны көп тиын. Көп тиын бізде жоқ…

Кішкене ұл күрсініп алды.

– Көкем кетерінде қалтасына тиын са-лып кетіп пе еді?

Шал басын изеді де, бетін іргеге бұрып әкетті. Көзіндегі жасты көрмесін деп тер сіңген ала тақиясымен бетін жасырды…

Содан бері бала тиын жинауға кірісті. Көп тиын жинауым керек деп тұжырды. Көшеде келе жатып үнемі жерге қарап жүретін әдет тапты. Тиын табылып қалар ма деген дәмесі. Бірде көзіне бір тиындық ілінді. Әлдекімнің қалтасынан түскен болар. Аз-кем ойланды. Алса қайтер екен деді. Көшеден ештеме алушы болма! Атасының ескертуі есіне түсті. Сөйтсе де, тұңғыш рет атасын тыңдамады. Тиынды жинап жүрген бақырларының арасына қосты.

Атасы білмейді ғой: баланың еріне мұнан кейін балмұздақ тиген жоқ. Қаладан келіп тәтті мұздақ сататын орыс тәтейдің алдын көрмегелі де көп күн өтті. Сырты шо-коладпен қапталған балмұздаққа бас қойған достарына қызыға қараса да өзін тежейтін. Тәйірі, тәтті мұздақ жеген, жемегенде тұрған не бар деп өзін алдарқатады. Есесіне көкемді көретін боламын, көкемді…

Атасына айтқан жоқ қой: көкесін сағынған бала сағыз шайнауды да ұмытты. Атасының сағыз үшін берген тиындарын сақтады. Сағызды көкесі барлар сатып ала-ды, маған көкемді үйге алып келген соң-ақ сағыз шайнасам не тұр?

Атасы мұны естісе ренжитін шығар-ау: көкесі Келіншектаудың аңғарынан аң қарай барып, атып алған арқардың артқы тірсегінен әперген сақаны да тиынға ай-ырбастап жіберді. Жалықпай тауқа тұсын жонып, алшы түсетін етті. Көрші әже жүн бояғанда қоса қызартып, бүк тұсына жүгерінің көлеміндей қорғасынды ерітіп құйды. Көкем келсе Қызылкөлдің жайлауы-нан тағы арқар алса, сақалы бола жатар-мын. Әзірге тек, көкем келсе екен!..

Атасы байқамады: Түнеукүні көршінің үйіне келін түскен. Атасына еріп бұл да барды. Бозбала домбыраны безілдетіп бет ашты. Жас келінге ауылдың бала-шағаға деп салдырған сәлемінің ішіндегі қарадомалақтармен бірге мұның да есімі аталды. Атасы марқайып, қолына екі тиындық ұстатқан. Бала тиын-тебен жатқан шаршыға бір тиынды ғана тастады. Екінші тиынды саусағының арасына қыстырып бүгіп қалды. Тиынды көкесі үшін жинаған қазынасына қосты.

Бала күнде ертеңгісін әудем жердегі құдықтан су тасиды. Кішкене қалайы шелегімен екі рет қатынаса атасы екеуінің әжетіне жарап тұрған су дайын. Әдеттегідей құдық басында кезек күтіп отырып, үлкендердің сөзіне құлақ түрген.

– Жылан көрген жерің бар ма?

– Оны кәйтпексің?

Екіншісі аң-таң.

– Терісі сағат бауға қатып тұр. Жылан көрсең есіңде болсын. Тегін емес, сатып аламын.

Сол күні бала көкесінің асына сақталынған тұл дөненнің маңынан жылан көріп қалды. Терісі шахмат тақтасы тәріздес жылан ысылдап жөнеп барады. Жадына құдық басындағы бозбаланың сөзі оралған. Мұның терісін сыпырып алып барса, ол көп тиын берсе… көкесіне баруға жетіп қалатын шығар-ау.

Мезгіл – бесін ауып қал-ған. Атасы бұл кез намазға жығылады. Көзге түспей терісін сыпырып алайын… Бала айырды ала сап жыланның жолын бөгеді. Тыныштығының дал-дұлын шығарған сәбиді жылан жарат-пады. Ирелеңдеген тік бас неме қапыда тірсегін шымыр еткізіп шаға сап, шөп ара-сына сіңіп кетті. Ардакүрең тұл дөнен шырқырай кісінеді. Мұны атасына айта ал-мады.

Ымырт үйіріле демігіп ісіне бастады. Атам онсыз да көкеме күнара кейіп жүр емес пе, мен ауырдым десем не күйге түседі деп тұжырды. Су жыланның шаққаны қатты бол-мас, аз-кем шыдасам ауырғаны басылар деп ойлап еді, ауру бел алып кетті. Көрші келіннің кешкі асқа дайындаған кеспесінен екі ұрттады да, төсегіне жантайды. Ісік қаулай түсті. Дәрігерге көрінсем басылар, атама айтайын деп түйді.

– Ата, – деді ақырын.

Соғыстан бір құлағы қалыс естіп қайтқан шал жуық арада ести қоймады.

– Ата! Ата, әлгінде, намаздыгерде мені жылан шақты. Дәрігер шақырасың-ау. Аздап ауырып тұрмын ба деймін…

Сөзін демігіп әзер жеткізді.

– Жылан?!

Маңдайы тайқы, жыланқарақ қария немересінің денесін қаптаған ісікті енді байқады. Онсыздағы қайғысы бес атанға жүк болған қара шал қатты састы. Көйлек-дамбалы ағараңдап, ымыртта масадан қорғану үшін салған түтіннен сарыала тартқан бөз масаханадан атып шығып, мантырап, жалаңаяқ күйде ауылдас қариға жүгірді. Обалы нешік, сонау бір жылда-ры Бұхарадан сауатын ашыпты делінетін, сәлдесі шамның самаласымен таласқан әзиме ақшамда ауыл итін шулатып аптығып жеткенімен кішкене ұлдың тамырын ұстай сала назары кілт пәсең тартты. Кемпірі мен жалғыз ұлының жаназасын шығарған молданың мінезіне сыралғы болған қара шалдың ерқашты болған жүрегі атқалақтап аузына тығылды. Немересінің білегін маңдайына басты.

– Тамыры соғып тұр ғой, молдеке, – деді сасқалақтап.

Жалаң аяғына сүйретпесін сұға салған қари төмен қарады:

– Жарықтың саңы бар уақытта хабар бермеген екенсіз де…

Күс басқан өкшесін қозғай беріп еді, сол аяғы ісік тартқан бала шар ете қалды.

– Ойынның қызуымен, ет қызуымен байқамаған екен-ау, бала…

– Молдеке, бір кәрін қыла алармысыз? – деді шал. Дауысы жарықшақтанып шықты.

– Уы тарап кетіп қолды байлап тұр емес пе?..

– Ойбай-ау, молдеке-ау?..

Шал жандәрмен баланың басын сүйеп молдаға жалтақтай берді.

– Көз байланбай тұрып естігенімде шаққан жыланды таптырып алып оқыр едім. Бір амалын тапсам, аянып қалармын ба?

Бала естен танды. Шалдың жасы тарам-тарам болып сақалын бойлады.

– Бұ не дегенің, молдеке-ау?! Бұ не дегенің? Мен құбас енді немеремді де ал-дыма салайын деп тұрмын ба?

Шал баланы құшақтап еңірей жылады. Сәлдесі дағарадай қари күрсінді. Жүрелей иілген шалдың жауырынынан қақты:

– Әбеке, бекем бол… Беті бері қараудан кетіп қалыпты.

Көз алды тұмандатқан баланың есіне бұдан жыл жарым уақ бұрынғы көрініс еміс-еміс көлбеді. Осындай түн еді. Әкесі осы сәкіде сұлқ жатқан. Атасы қариды әкелген. Көкесінің оң білегін ұстап отырып, осы сөзді қайталаған: Бекем бол, беті бері қараудан кетіп қалыпты. Тоқтай қал, содан соң әкесі о дүниеге аттанған жоқ па? Бұл да аз уақыттан кейін о дүниеге кетеді екен-ау…

Бала қуанды: демек, көкесін көреді. Періште түйсігінде пәниді қимау ұғымы жоқ болатын. Ол екі дүниенің ортасындағы та-сымалшы қайықтың иесіне төлейтін тиынды ала алмай қаламын-ау деп қорықты. Бар күшін жинап, көкесі о дүниеге кеткен соң үш күн ауырып жатып, бір түнде жоғалып кет-кен Алыпсоқтың үйшігінде сақталған, был-тыр мал төлдегенде ақсыз балалаған тұмса қойдың қозысына сүт берген бөтелкенің ішіндегі қайықшыға деп жинаған тиындарын алып бер деп айтқысы келді. Бұған шамасы келмеді. Тілі күрмеле берді.

– Ата, – деді кішкене ұл:

– Ата…

Шал басын көтерді. Маңына ауыл адам-дары жиналып қалған.

– Әу, құлыным?

Перзентінің амандығын мағырыбынан мойнына бұршақ салып тілеп отырған қария үмітке қолын созып, немересінің тілге келгенін қуанышқа балаған.

– Ата, қайықшаға төлейтін тиын бер.

Туыс-тума бұған таңырқады, сөздің не туралы екенін ешбірі бағамдай алмады. Бұл шалға анық еді. Бешпетін қарманды. Жан қалтасының түкпірінен бес тиын алып, алақанында салмақтады. Немересінің қаба сақалды қария-ажалдың қайығына мінуін қаламады. Кемпірім де, ұлым да сол қайыққа аяқ артып келмеске бет бұрған. Енді немеремді өзім тіріде ол қайыққа қалай жолатармын деп қамықты.

– Ата… – деді кішкене ұл.

Шал елірді. Немересін қиялдағы қайықшыдан қызғанды.

– Ата, тиын берші…

Кішкене ұл қара терге түсті. Жыланның уыты біржола жаулап алған денеден жан шығарға жол таппай шын қысылды. Қайықшыға төлер тиыным болмаса о дүниеге қалай өтермін деген балаң сана жанды еркіне жібермей тұсап тұрды.

– Ата, тиын берші, – деді жандәрмен.

– Әбеке, жанын қинамасаң-шы, – деп әлденені сезіп отырған қари қабақ түйді.

Айнала отырған әйелдер пыс-пыс жылады. Әлдебіреуі сұңқылдай дауыс салды.

– Ата…

Қара шал тиынды бешпетінің қалтасына салып қойды.

– Ата…

– Әбеке, сәбиді қинамалық. Сені күтіп жатыр, – деп қари атасын сабырға шақырды. Тарамыс саусақтары дірілдеп шал қолын қалтасына сүңгітті. Бес тиынды қайта шығарды.

– Ала ғой, құлыным…

Күп боп ісік тартқан бө-бек алақаны ашы-лып, тиын саусақтардың арасына жұмылды. Онда енді қайықшыға төлейтін тиын бар…

Баланың басы оң жаққа сылқ бұрылды. Дем тоқтады. Шал есінен танып, соңғы тұяғының кеудесіне құлай берді. Қари күбірлеп дұға оқыды. Түнгі тыныштықтың әптер-тәптерін шығарып, күллі әйел жоқтау айтып жатты. Бала мұның бірін де сезген жоқ. Ол бұл кезде қалың кірпіктері көзін жапқан, қаба сақалды, жүн-дес білектері ескекті берік ұстаған ажал-ақсақалдың қайығына отырып, бұ дүние мен о дүниенің арасын жалғап тұрған теңіздің айдынында жүзіп бара жатыр еді…

Лира ҚОНЫС

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗДОРОВЬЕ

В СТРАНУ ПРИШЕЛ ГРИПП

СЕЗОННЫЙ УРОВЕНЬ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ ОРВИ ЗАРЕГИСТРИРОВАН В КАЗАХСТАНЕ. ПАЦИЕНТЫ ЖАЛУЮТСЯ НА ВЫСОКУЮ ТЕМПЕРАТУРУ, БОЛИ В ГОРЛЕ И СЛАБОСТЬ. КОРРЕСПОНДЕНТ TENGRINEWS.KZ ПОИНТЕРЕСОВАЛАСЬ, КАК ОТЛИЧИТЬ КОРОНАВИРУС ОТ ГРИППА И ЗАЩИТИТЬ ОРГАНИЗМ ОТ СЕЗОННОГО ВИРУСА.

– Бұл етті қашан жейміз, – деп сұрасақ.

– Ұзын сары келгенде жейсіңдер, – деп қана қоятын. Бұл әдет атам қайтыс болғаннан кейін де сақталды.

1979 жылы маусым айының орта шені біздің үйге жүдеу жүзді, ұзын бойлы, ақсары кісі кіріп келді. Өмірдің ащы-тұщысын көп көргені – жадау жүзі мен тілінген алақанынан, айналасын әжім ізі тереңдей түскен, көз шанағынан анық білуге болатын. Сұңғақ бойы сәл бүгілгені болмаса, жас кезінде жігіттің серісі болғаны біліну тұр.

– Омарақын зәңгінің үйі осы ма? – деп сұрады.

– Иә, осы. Көкем өмірде жоқ, – деді әкем.

– Ендеше, үйге келген екенмін, – деді де, "Кіріңіз" дегенді күтпей-ақ төргі үйге енді.

– Мен Ырысбекпін, – деп таныстырды өзін.

Әкем де, шешем де аң-таң болып, сілейіп тұрды да қалды. Көздерінен ытқып кеткен тамшыны сездірмеуге тырысты.

– Сіз тірі ме едіңіз? – деді әкем.

– Тірімін.

Үйде абыр-сабыр басталды да кетті. Шешей дастарқан жайып, кебежедегі бар тәттідәмдісін дастарқанға салды. «Ұзын сары келгенде жейсіңдер» дейтін соғымның жамбасы мен қос қазы да қазанға түсті. Қарындағы сары майдың тортасы айырылып, майға шыланған тары да дастарқанның ортасына орнықты. Бауырым мәз: «Ұзынсары» деген осы кісі ме? – деп қояды маған. "Ұзынсарының" не екенін мен де білмейтінмін.

Үлкендермен дастарқан басында қатар отырып, тамақтануға дәрежесі жететін ағам мен әпкемнен басқа бесеуміз ауыз бөлмедегі кішкентай үстелге жайғастық. Жер ошаққа от жағып, қазан асылды.

Төргі үйде күбір-сыбыр әңгіме басталды. Біздің әулеттің балаларды үлкендердің кеңесіне жақындатпайтын әдеті болушы еді. Оның да өзіндік себебі, ащы ақиқаты бар. Жиі-жиі мұрындардың пысылдаған дыбысынан аса бір күлкілі әңгіме айтылмағанын қу ішіміз сезіп отырды.

...Ырысбек атамыз біздің үйге осылай келді.

Ол кісі атамның қанды көйлек досы, қарулас жолдасы болып шықты.

... Ырысбек атамыз 1938 жылы арғы бетке қашып өткенде Қазақстанда жалғыз қызы қалады да. Соны алып кету үшін он екі рет шегара бұзады. Бірақ әр келген сайын қуғын түсіп, қызын таба алмай қайтып кетіп жүреді. Соңғы рет 1958 жылы он үшінші рет арғы жақтың шегарашыларының құрығына түсіп, жиырма жылға сотталып, Қытайдың аты шулы Тарым лагеріне кетеді. Ол кісінің туыстары 1960 жылдары Қазақстанға көшіп кеткендіктен, тірі оралса өзін бір іздеп келетінін білген атам досының сыбағасын осылай он бес жыл сақтап жүрді. Атамның өмірден өтер кезде тапсырған аманатын шешем бес жыл атқарды.

Содан кейін Ырысбек атам бізбен бірге екі жыл тұрды. Сонда талай қызықты әңгіме айтушы еді. Жүріп өткен жолы, жер аттары, Іл Алатауының бөктербөктері, ұры жолдары, тау мен өзен аттарын сөз ететін. Елге оралып, журналистік іссапармен Кетпен тауларын аралағанда сол әңгімелер есіме қайта оралып, Ырысбек атам айтатын жер атауларының әлі күнге өзгермегенін көрдім. Тіпті, мен білетін тарихи оқиғалар мен жер жағдайын жол бастап жүрген жергілікті жігіттерде көп білмейтін болып шықты. Елге оралғаннан бергі жолымның дұрыс болғаны да сол атам сақтаған «Сыбағаның» қасиетінен шығар деп ойлап қоямын. Өкініштісі, бүгінде «Сыбағаны» сақтап қою былай тұрсын, әкенің аманатын ескермейтін ұл, атаның сақалына жармасатын келін көбейіп барады.

Атамның соғымның кәрі жілігін сол үйдің келініне табыстайтынының да терең мағынасы бар екен. Кәрі жілік Наурыз көже жасаған күні асылатын бағалы сүйек. Соғымның кәрі жілігін Наурыз көжеге дейін сақтаудың себебін атам Наурыз мерекесінің шығуы туралы қызықты аңыз арқылы түсіндіріп еді.

...Осыдан бірнеше мың жылдың алдында тау басына қоныстанып, малмен тіршілігін қамдап отырған бір тайпа ел болыпты. Сол тайпаны аузына қаратқан Наурыз атты әже болған екен. Бір жылы қатты жұт болып, мал қырылып, тайпа адамдары қытымыр қыстан көктемге үздігіп әрең шығыпты. Көктем келіп, тоң жібіп, малдың аузы көкке ілінген бір күні Наурыз әже тірі қалғандарды жинап, ортаға үлкен тай қазанды әкеліп, кеңес құрып:

– Ертең әркім үйінде қалған тамағын әкеліп осы қазанға салатын болсын, - деп бұйырыпты.

Үлкеннің айтқанынан шықпайтын ежелгі әдет бойынша әркім үйінде қалған тамағын тай қазанға салады. Оны санап көрсе 7 түрлі дәмнен тұрыпты. Соның ішіндегі көзге көріктісі Наурыз әженің қысқы соғымынан алып қалған жылқының кәрі жілігі мен төрт жапырақ майлы ет екен.

Сонымен жұрт жиылып кәрі жілік пен жеті түрлі дәмді қазанға салып, төрт жапырақ етті қазанның төрт құлағына қойып, көже жасапты. Бір қызығы, бір қазан көжені тайпадағылар бір ай ішіпті, ал кәрі жіліктің еті бір ай бойы желініп біттеген екен. Сол жылы ел ырысы шалқып, қойлар егізден қоздап, ірі қара қонданып, құлын біткен арғымақ болып өсіпті. Осыдан былай жұрт жылдың басын ырымдап, осылай қарсы алатын болыпты. Біртебірте ұлыс болып қарсы алатын мерекеге айналыпты. Бұл ырысты Наурыз әже бастағандықтан мерекені әз Наурыз деп, кәрі жілікті бас сүйек, 7 дәмнен тұратын көжені «Наурыз көже» деп атап кетіпті.

Бұл тайпадағы берекелі тірлікті көрген көрші тайпалар да уақыт өте Наурыз әженің жолын ұстап, Наурыз мерекесін тойлайтын болыпты...

Наурыз мерекесі қазірде тойланады. Бірақ соғымнан сақталған кәрі жіліктің әр қазанда қайнап жатқанын көп көрмеймін. Кейде біздің берекесіздігімізідің өзі аталарымыз салған сара жолдан алыстап кеткенімізден бе деп ойлап қаламын.

...Аталарымыз біз сияқты көпқабатты үйде отырған жоқ. Тіпті, табақтай-табақтай қызыл дипломы да болған жоқ. Солайда ел мен жұрттың, ағайынтуыстың, бауырластардың сыйластығын жалғастыратын ұлы жолдарды қалыптастыра алды. Ал біз орайы келгенде берекені бүлдіріп, әліміз жетсе ынтымақты бұзып, қапысын тауып, қан қақсататын әзәзілдікке әбден дәнігіп алдық. Өзімізбен қоймай, балаларымызға үйретіп жатырмыз. Бұл заманның бұзылғаны ма, әлде, адамның бұзылғаны ма?

Әкем: «Атаңнан алты батпан оздым десең де, жеті батпан жетпей тұрасың» дегені жиі айтатын. Әркениетті ел боламыз деп жан ұшырып жүрміз-ау, әркениетті қазақ бола аламыз ба? Жоқ па? Сол жағын, ойланатын уақыт келген сияқты.

Алдымен қазақ болуымыз керек.

Қажет АНДАС,
өлкетанушы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

● ЗАКОН

НЕОБХОДИМАЯ ОБОРОНА

Необходимая оборона это: обстоятельство, исключающее преступность деяния; обстоятельство, исключающее противоправность деяния; обстоятельство, исключающее уголовную ответственность; обстоятельство, исключающее признаки преступления, т.е. общественную опасность и уголовную противоправность (преступность) деяния. Совершение действия в состоянии необходимой обороны исключает состав преступления. Это не только ненаказуемое, но и правомерное поведение лица.

Необходимой обороне являющаяся обстоятельством, исключающим общественную опасность, а следовательно и преступность деяния, ей посвящена ст.32 Уголовного кодекса РК. В частности, в этой статье даны детальные пояснения по необходимой обороне.

В частности, необходимой обороной признается правомерная защита личности и прав обороняющегося и других лиц, а также охраняемых законом интересов общества и государства от общественно опасного посягательства, в том числе путем причинения вреда посягающему лицу.

Право на необходимую оборону имеют в равной мере все лица независимо от их профессиональной или иной специальной подготовки и служебного положения. Это право принадлежит лицу независимо от возможности избежать общественно опасного посягательства либо обратиться за помощью к другим лицам или государственным органам.

Не является уголовным правонарушением причинение вреда посягающему лицу в состоянии необходимой обороны, то есть при защите личности, жилища, собственности, земельного участка и других прав обороняющегося или иных лиц, охраняемых законом интересов общества или государства от общественно опасного посягательства путем причинения посягающему вреда, если при этом не было допущено превышения пределов необходимой обороны.

Превышением пределов необходимой обороны признается явное несоответствие защиты характеру и степени общественной опасности посягательства, в результате чего посягающему причиняется явно чрезмерный, не вызываемый обстановкой вред. Такое превышение влечет за собой уголовную ответственность лишь в случаях умышленного причинения вреда. Не является превышением пределов необходимой обороны причинение вреда лицу, посягающему на жизнь человека, либо при отражении иного посягательства, сопряженного с вооруженным нападением или насилием, опасным для жизни обороняющегося или других лиц, либо с непосредственной угрозой такого насилия, либо с насильственным вторжением в жилище, помещение, а также если обороняющийся вследствие внезапности посягательства не мог объективно оценить степень и характер опасности нападения.

Более обширная система исключительных норм должна лучше и надежнее обеспечивать права и законные интересы личности, поэтому выделив эти отдельные статьи и увеличив их количество современное казахстанское уголовное законодательство не только воплотило бы достижения отечественной уголовно-правовой науки, но и приблизилось к международному уровню регулирования обстоятельств, исключающих уголовную ответственность в силу правомерного причинения вреда право охраняемым интересам в различных экстремальных обстоятельств.

Нуржан КАДЫРБЕК,
судья СМУС
Алматинской области.

ГЕНДЕР

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММ ПОЗИТИВНЫХ ДЕЙСТВИЙ

Гендерное неравенство препятствует формированию полноценных типов социальной деятельности, учитывающих опыт обоих полов, так, ограниченное участие женщин в политической жизни, отстранение женщин от власти на любом уровне будет ограничивать эффективность государства и его политики.Поэтому достижение гендерного равенства является одним из основных факторов устойчивого человеческого развития. Вопросы гендерного равенства и расширения прав и возможностей женщин были включены в повестку дня всех наиболее важных конференций ООН, включая Саммит тысячелетия, прошедший в 2000 г. в Нью-Йорке.

Тема гендерного равенства в Казахстане стала весьма актуальной в свете подписания Первым Президентом Республики КазахстанН.А.Назарбаевым Закона РК «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин» 8 декабря 2009 года. Настоящий Закон регулирует общественные отношения в области обеспечения государственных гарантий равных прав и равных возможностей мужчин и женщин и устанавливает основные принципы и нормы, касающиеся создания условий для гендерного равенства во всех сферах государственной и общественной жизни.

Как показывает международная практика, существенное влияние на уровень функциональной устойчивости семьи оказывают модели гендерных отношений. Чем выше уровень гендерного равенства, тем больше ответственности, паритетности и результативности в выполнении членами семей своих бытовых, экономических, нравственно-воспитательных, защитных и других важных функций.Таким образом, становится очевидным, что формирование условий становления современной устойчивой семьи и достижения гендерного равенства является неразрывным процессом социальной модернизации общества.

Для поколения молодых казахстанцев тема гендера ассоциируется с женскими вопросами. Международные и отечественные эксперты под гендерным равенством подразумевают такое состояние общества, когда мужчины и женщины имеют примерно равные доли в социальной власти и равный доступ к общественным ресурсам (материальным, финансовым, информационным, культурным, природным и т.д.).

Женщины Казахстана, по крайней мере, активная их составляющая, обрели высокий уровень политического сознания и политической культуры, сознав важность женского представительства в структурах власти; формируется новый феномен женского предпринимательства в Казахстане. Реализация программ позитивных действий для выправления гендерного баланса в государственных органах или в частном секторе способствует укреплению гендерного равноправия и работает на достижение конечной цели – гендерного равенства.

Ертис ОМАРОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

МЕДИАЦИЯ

МЕДИАТОР – НЕЗАВИСИМОЕ ФИЗИЧЕСКОЕ ЛИЦО

С 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация. Судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры. Медиация - процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами при содействии медиатора (медиаторов) в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, условием участия в процедуре медиации является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в договоре о медиации.

В ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами, увеличить или уменьшить размер требований или отказаться от спора (конфликта). Стороны свободны в выборе вопросов для обсуждения вариантов взаимоприемлемого соглашения.

Стороны медиации пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности. При проведении медиации медиатор независим от сторон, государственных органов, иных юридических, должностных и физических лиц. Медиатор самостоятелен в выборе средств и методов медиации, допустимость которых определяется настоящим Законом.

Медиатор – это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта. Медиатор должен быть беспристрастным, проводить медиацию в интересах обеих сторон и обеспечивать сторонам равное участие в процедуре медиации. При наличии обстоятельств, препятствующих беспристрастности медиатора, он должен отказаться от проведения медиации.

Стороны в медиации не только решают спор путем переговоров, но и стараются сохранить дружественные отношения после медиации. При разрешении спора в процедуре медиации стороны не стараются доказать правоту или обосновать требования и возражения, а наоборот стараются достичь такого разрешения конфликта, которое устраивало бы обе стороны.

Самал КАЛИМОЛДИНОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

ПРОТОКОЛ

ОДИН ИЗ ОСНОВНЫХ ПРОЦЕССУАЛЬНЫХ ДОКУМЕНТОВ

В судебном заседании протокол имеет важное доказательственное значение, поэтому его содержание, порядок составления и форма должны точно соответствовать требованиям закона. Данные, имеющиеся в протоколе используются судом для обоснования вынесенных по делу судебных постановлений, а лицами, участвующими в деле, для подтверждения своих доводов, положенных в основу исковых требований, возражений на иск, заявлений о нарушении их процессуальных прав, о невыполнении процессуальных обязанностей со стороны суда и других участников процесса, и напротив - о правомерности тех действий, законность и обоснованность которых оспаривается.

В настоящее время в судебных заседаниях составляются краткие протоколы при ведении аудиовидеозаписи судебного заседания. О каждом судебном заседании суда первой инстанции, а также о каждом отдельном процессуальном действии, совершенном вне заседания, составляется отдельный протокол. В случае же неявкив судебное заседание всех лиц, участвующих в деле, аудиовидеозапись не проводиться.

Если поступить ходатайства от лиц, участвующих в деле, и их представителей судом представляются копия аудиовидеозаписи и краткий протокол или протокол судебного заседания. Аудиовидеозаписисудебныхзаседаний используются только в целях судопроизводства для точного фиксирования хода судебного разбирательства, а также в целях установления фактических данных в гражданском, уголовном судопроизводстве, производстве по делам об административных правонарушениях либо в рамкахпроизводства по дисциплинарному делу.

В частности, согласно ч.1 ст.283 ГПК РК секретарем судебного заседания составляется протокол либо ведется краткий протокол при ведении аудиовидеозаписи судебного заседания. Протокол, краткий протокол изготавливаются компьютерным, машинописным либо рукописным способами. Лица, участвующие в деле, и представители вправе ходатайствовать об оглашении какой-либо части протокола, о занесении в протокол сведений об обстоятельствах, которые они считают существенными для дела. Протокол должен быть изготовлен и подписан не позднее трех рабочих дней после окончания судебного заседания, а протокол об отдельном процессуальном действии- не позднее следующего дня после его совершения. По сложным делам протокол судебного заседания должен быть изготовлен и подписан не позднее десяти рабочих дней



после окончания судебного заседания. Протокол подписывается председательствующим и секретаем. Все изменения, поправки, дополнения должны быть оговорены в протоколе и удостоверены их подписями.

Надо сказать, что в случае ходатайства лиц, участвующих в деле, суд обязан представить дляознакомленияпротокол в форме электронного документа, удостоверенного электронной цифровой подписью председательствующего и секретаря судебного заседания.

Таким образом, протокол судебного заседания является одним из основных процессуальных документов. Данные, имеющиеся в протоколе, используются судом для обоснования вынесенных по делу судебных актов. По протоколу судебного заседания проводиться проверка решений, определений суда первой инстанции вышестоящими судьями.

Нурбол БЕЙСЕНБАЕВ,
главный специалист - секретарь судебного заседания СМЭС.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТӘЛІМГЕР

СЫР САҢЛАҒЫ

СПОРТ ДЕГЕН БЕКЗАДА ӨНЕР КІМДІ БОЛСА ДА БАУЫРЫНА БАСЫП ҚЫЗЫҚТАРМАЙ ҚОЙМАЙДЫ. СПОРТҚА ҚАДАМ БАСҚАН ТАЛАЙ ЖАННЫҢ БАҒЫ ОСЫ БЕКЗАДА ӨНЕР АРҚЫЛЫ АТЫ ШЫҒЫП, ЕСІМІ АЛТЫ АЛАШҚА МӘШҺҮР БОЛАТЫНЫ БЕЛГІЛІ. ТІПТІ, ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕНІ ӨЗІНЕ ҚАРАТЫП, СОҢЫНАН ЕРГЕН ЖАС ЖЕТКІНШЕКТІҢ ТҰЛҒАСЫНА АЙНАЛДЫРАТЫН ДА ОСЫ СПОРТ! АЛ СОНДАЙ БИІК БЕЛЕСКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ ЕҢ БІРІНШІ СПОРТҚА БАУЛЫҒАН БАПКЕРІ, ҰСТАЗЫ, ТӘЛІМГЕРІ, ТІПТІ, СПОРТШЫҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАҒАН БАСШЫНЫҢ ОРАСАН ЕҢБЕГІ ЕКЕНІН ЖЕКЕ АЙТҚАН ЛӘЗІМ. ДӘЛ ОСЫ ТҰСТА МЕН ТАЛАЙ БАЛАНЫҢ БАҒЫН АШҚАН СПОРТ МАМАНЫ ЖАЙЛЫ АЗ-КЕМ СӨЗ ҚОЗҒАМАҚПЫН.

Сыр өңірінен түлеп ұшқан Найзабек Сағымбаев бүгінде Алматы қаласы спорт басқармасының дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған «Алматы» спорт клубының басшысы қызметін атқарып отыр. Найзабек Бекетұлы жастайынан спортты жанына серік еткен жан. Кез келген ауыл баласы секілді ала допты еркін меңгеріп, спорттың әр түрімен жаттығады. Алғашында доп теуіп, кейін грек-рим, еркін, қазақ күрестерімен шұғылданады. Жас жеткіншек бірқатар жарыста олжа салып, күн санап спортқа деген қызығушылығы арта түсті. Спортшы болу үшін үнемі жаттығу үстінде болу керек дегенді мықтап ұстанған Найзабек Бекетұлы жаттығу алдында жүгіруді де әдетке айналдырады. Әр жаттығуына ширақ, тыңғылықты дайындалған бала Найзабекті ауданда өтетін спорттың барлық түрінен сынап көреді. Дәл осы тұста 1974 жылы аудандық оқушылар спартакиадасына қатысып, онда 1500 және 3000 метр қашықтықты еркін бағындырады. Үздік шыққан чемпионды облыстық жарысқа қайрап салады. Онда да екі қашықтықта алдына жан салмай айдарынан жел есіп, дара шығады. Жас желаяқтың талантын байқаған доданың төрешісі Еркін Атабаев өз ақыл-кеңесін береді. Жеңіл атлетикаға икемі барын сезген ұстазы Найзабекке түбегейлі жүгіру спортына бет бұруын өтінеді.

Бала жастан спортты сүйіп өскен Найзабек ұстазының сөзін екі етпей жеңіл атлетикамен айналысуға бел буады. Томағасын сыпырып қосқан жас қыран, салған бәйгеден жүлдесіз оралмады. 1000 метрлік кросста бас жүлдені қанжығасына байлап, нағыз жүйрікке айналды. Осылайша жеңіл атлетикаға еркін бойлаған Найзабек мектеп бітіргесін спорт маманы болуға бет түзеді. 1977-1981 жылы Қарағанды педагогикалық дене тәрбиесі институтының студенті атанады. Жастық шақты босқа өткізбеді. Студенттер арасындағы бәсекеде атой салып, көптеген республикалық жарыстарда қанжығасы майланып жүрді. Арнайы мамандықтың иесі атанғаннан кейін өзінің туған жері Сыр өңіріне бет алып, Қармақшы аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне жаттықтырушы болып орналасады. Бойындағы қарым-қабілетін жеткіншектерге үйретіп, дайындаған балалары жүлдеге қол соза бастады.

Үнемі жаңашылдықтың бастауында жүретін Найзабек Бекетұлы шәкірттерін ертіп, Жеңіс күнінің құрметіне 200 шақырымдық екі күндік марафон ұйымдастырады. Онда жай ғана жүгіріп өту емес, әр ауылға тоқтаған кезде сол елді мекеннің ардагерлерімен кездесу өткізіп, Ұлы Отан соғысына қойылған ескерткішке тағзым жасауды назардан тыс қалдырмайды. Мұнда спорт пен тәрбиені қатар алып жүрген бапкер көптің ықыласына бөленіп, мамандардың көзіне де түседі. Ұйымдастырушылық қабілетін байқаған жоғары лауазымды мамандар Найзабек Бекетұлын «Қайрат» ерікті спорт қоғамының төрағасы етіп сайлайды. Сеніп тапсырған лауазымды қалтқысыз орындаған білікті маман ауыл жастарының басын біріктіріп, спортқа баули бастайды. Дайындаған шәкірттері облыстық, республикалық жарыстарда толайым табысқа қол жеткізеді. Бір ғана шәкірт дайындау емес, спорт саласының өркендеуіне еркін араласып, оқу-жаттығу жиындарына қолайлы болу үшін спорттық нысандарды қалпына келтіруге мұрындық болады. Сол кездегі өзі бас болып қол ұшын созған спорттық ғимараттар күні бүгінге дейін чемпиондардың ұстаханасына айналып тұр.

Кейін 1993 жылы қарт Алатаудың баурайы Алматыға қоныс аударады. «Өзі жақсы кісіге бір кісілік орын бар» дегендей үлкен қалаға келгенде құшағына қысып, қолғабыс тигізетін ағалары көп болды. Елдің намысын жыртып, талай мықтының бағын ашқан балуан Мәлік Нәдірбеков пен М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының ректоры, профессор Серік Алпысбаев қолдау білдіреді. Бұған дейін нәтижелі жұмысына қанық Найзабек ағаны академияның спорт клубының төрағасы, дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі етіп тағайындайды. Осы күннен бастап Найзабек Бекетұлының айы оңынан туады. Алып қалаға арман қуып келген студенттердің шамшырағына айналған Найзабек аға үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Тәрбиелік бағытын айтпағанда студенттердің спорттағы жетістігі ауыз толтырып айтарлықтай болады. Академияда бірнеше жаңа спорт секцияларын ашып, мақтанатындай жетістікке ие болады. ҚР чемпионатында су добынан академия құрама командасы чемпиондыққа қол жеткізеді. Баскетболдан қолаға қол жеткізсе, регбиден сынға түскен ерлер командасы күміс, қыздар қоланы еншіледі. Ал 2007 жылы ҚР жазғы Универсиада ойындарында академия студенттері 49 медаль жеңіп алып, оның ішінде 29 алтын, жалпы командалық есепте бірінші орынның қол бұлғады.

Мұның барлығы ел ішіндегі жарыстарда жеткен жетістігі. Ал әлемдік додада да атой салған студенттері жетіп артылады. Мәселен Бүкіләлемдік универсиада ойындарында 2005 жылы Түркияда, 2007 жылы Тайландта 1 алтын, 6 қола медальді қоржынға тоғытты. Сондай-ақ, Бейжің Олимпиадасына 8 студент спортшы қатысып, 2 күміс медальді Қазақ жұртына сыйлады. Студенттердің күрес түрлерінен өткен әлем чемпионатында 1 күміс, 2 қола және 2008 жылғы әлем чемпионатында 1 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль жеңіп алды. Қазақстан құрамасы үздік үштікті құрады. Тынымсыз еңбектің нәтижесін көрген басшылық Найзабек Бекетұлын бірқатар лауазымды қызметтерді сеніп тапсырды. Оның барлығын да абыроймен атқарып, жеңісті күндері көп болды.

Кейіпкеріміз 2016 жылдан бастап дене мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Алматы» спорт клубының басшысы қызметін атқарып келеді. Қолына алған істен нәтиже шығармай қоймайтын білікті басшы мүмкіндігі шектеулі жандардың да айын оңынан туғызды. 700-ден астам мүмкіндігі шектеулі жандар спорттың 18 түрімен шұғыланады. Олардың барлығына қамқор болып, барлық жағдайын жасайды. Ерік-жігері мықты жарымжан спортшылар жеңіске деген құштарлығы басым болып, жарыс біткеннен жүлдесіз оралмауды дәстүрге айналдырды. Клуб спортшылары ҚР чемпионатынан 95 алтын, 65 күміс, 43 қола медаль жеңіп алады. Әр жеңіс спорттық дәрежені көтеретіні анық. Көптеген спорт шебері, спорт шеберлігіне үміткер және халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері шыңдалып шығады. Паралимпиадалық, сурдлимпиадалық ойындарына қатысып, жүлдегер атанғандардың саны жыл санап артып отырды. Сурдлимпиадалық ойындарда Қазақстан атынан қатысып тұңғыш рет командалық жарыста жеңіске жеткен 6 спортшының 4-еуі осы «Алматы» спорт клубының спортшылары. Жеңімпаз атанған әрбір спортшының жағдайына қарайласып, оларды мемлекет тарапынан марапатқа ұсынуды да назардан тыс қалдырмайды. Чемпиондары Алматы қаласы әкімінің қолынан бірнеше мәрте марапат алып, мерейін үнемі өсіріп қояды.

Найзабек ағамыз зайыбы Гүлжанат екеуі екі қыз өсіріп, олардан немере сүйіп отырған бақытты отбасы. Бала жасынан спорттан бір сәтке қол үзбеген Найзабек Бекетұлы көп жылғы қажырлы еңбегінің өтеуі ретінде ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Құрметті спорт қайраткері» және «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Жасы алпыс үшті алқымдаса да әлі де қуатынан арылмаған Найзабек Бекетұлы бар саналы ғұмырын спортқа арнап келе жатқан бірегей тұлға.

Ришад ТҰРҒАНБАЙ

СОНАР -2021

ҰЛЫ МҰРА

Ескелді ауданы «Тау-Жетісу» демалыс аймағында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Саят» ұлттық спорт түрлерінен «Сонар –2021» республикалық турнирі өтті.

Жарысқа 11 облыстан 80 нен астам құсбегі қатысты. Облыс әкімдігінің қолдауымен өткен турнирдің жалпы жүлде қоры 4 000 000 теңгені құрайды. Бұл жарыс биыл 24-ші мәрте ұйымдастырылуда. Аталған іс-шараның ашылу салтанатында «Қансонар» аңшылық бірлестіктер және аңшылық шаруашылық субьектілері республикалық ассоциациясының басқарма төрағасы Оралбай Әбдікәрім, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Қыран» федерациясы қоғамдық бірлестігінің президенті Нұрлан Өнербай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қанат Айтбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақтияр Қожа, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері эстрада әншісі Досымжан Таңатаров, Ескелді ауданының әкімі Рустам Али және Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев қатысып, ұлттық өнерді ұлықтаған ұлқыздарға сәттілік тіледі. Орайы келгенде саятшылықты ұлықтаушы, құсбегілікті дамытып жүрген Бағдат Мүптекеқызының еңбегін ерекше атап өтуге болады. Үш күн бойы тау бөктерінде сайысқа түскен құсбегілер, келген жұрттың таңдайын қақтырды. Бірі тазы жүгіртіп, екіншісі сұңқар ұшырып, қолына қыран қондырған жарысқа қатысушылар қырдың қызыл түлкісіне бүркіттерінің томағасын сыпырып салды. Дәл осы тұста сексеннен аса бүркітшілерінің арасында қаршадай ғана қыран ұстаған Айжан Асқарқызының өнеріне тәнті болмаған жан қалмады. Өзі нәзік болғанмен рухы асқақ қайсар қыз, нағыз құсбегіліктің қызығын көрсете білді. Қыраны жүлделі орынға жете алмаса да, көрермендер көзайымы деген номинацияны жеңіп алды. Ескелді, Көксу, Талдықорған қаласы ақшаңқан қазақ үйлер тігіп, үш күн бойы жарысқа қатысушыларға қонақжайлық танытып, ән мен күйден шашу шашып, мерекенің шырайын кіргізді.

Үш күнге созылған додада жеңімпазды анықтау қиынға соқты. Барлығының дайындап әкелген қырандары алғыр, тазысы жүйрік, сұңқары қарымды болды. Әйтседе мол ұпай жинаған үздіктер іріктеліп, жүлдеге қол созды. Сонымен қанжығасы майланған құсбегілерді атап өтейік.

ҰЛЫҚТАЛДЫ

ҚҰМАЙ ТАЗЫ
3-орын Мүптекеев Ернар "Ақ сұңқар" – Алматы қаласы
2-орын Дәулеткелдіұлы Еркебұлан"Айқара" – Алматы облысы
1-орын Оспанов Айдос"Тұйғын" – Алматы облысы.

СҰҢҚАР
3-орын Исабеков Қуаныш "Мұнтаз" – Алматы облысы
2- орын Оспанқұлов Танат "Самал" – Қарағанды облысы
1-ші орын Кодеков Мұрат "Қаракөз" – Алматы облысы.

ҚАРШЫҒА
3-орын Пан Төлемырза "Тұйғын" – Түркістан облысы
2-орын Аршабай Дәурен "Ақаршын" – Түркістан облысы
1-орын Сейітжан Бексұлтан "Көкжендет" – Алматы облысы.

БҮРКІТ
5-орын Сейітжан Аян"Атамұра" – Алматы облысы
4-орын Сейітжан Алмас"Нұра" – Алматы облысы
3-орын Күнтуған Серікбек "Алғыр" – Нұр-Сұлтан
2-орын Кушкаров Арман"Нарын" – Атырау облысы
1-орын Әйетбай Ермұхан"Нұра" – Алматы облысы.

Жеңіске жеткен барлық жеңімпаздар арнайы диплом, медаль және қомақты қаржылай марапатталып, мерейлері үстем болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЛЕБІЗ

Басқарма басшысына алғыс

«Қазақта ештен кеш жақсы» демекші, кәсіби спорт мерекесіне орай, мені тоғызқұмалақшы есебінде елеп-ескеріп шақырып, мерекемен құттықтап сый-сияпат жасағаны үшін Алматы облысы спорт және дене шынықтыру басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаевқа ризашылық сезіммен газет арқылы алғысымды айтамын. Деніңе саулық, отбасыңа амандық, жұмысыңа табыс тілеймін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Айтмолда СҮГІРТЕГІ,
Еңбек және тіл ардагері.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

БАЛАНЫҢ ҮЙІРМЕДЕН ҮЙРЕНЕРІ КӨП

Айжан МЫРЗАТАЕВА: *«Мейірім» шығармашылық орталығында «Бейнелеу мен графика» үйірмесінің жетекшісімін. 4 жастан 15 жасқа дейінгі балалар қатысады. Қосымшада оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырма беріледі. Менің мақсатым – білім алушылардың үйірмеде толық та, нәтижелі еңбек көрсетуімен қатар, епттілігі мен қабілеттерін арттыру. Жалпы, осы кескіндеме мен графика жайлы ілімдерін кеңейтіп, шығармашылық шеберліктерін арттырып, білім алушылардың қызығушылығын ашу. Бастысы, осы жылдың қыркүйек айынан бері оқушыларым үлкен деңгейге жетті деуге болады. Атап өтсем, Базельбай Айзере, Сәду Малика, Альмурат, Махаббат, Анар өте жақсы нәтиже көрсетті. Шәкірттеріме жұмысты орындау, сурет салу тәсілдерінің, кескіндеме, графика заңдылықтарын үйрете отырып, оны ұлттық өнермен ұштастыра сабақ берудеміз. Атап өткен балаларым қазіргі таңда жақсы дәрежелер көрсетуде».*

Зухра ЖУМАДИЛОВА: *«Қызым – Айсұлу Айдосқызы алты жаста.*

Отбасында Айсұлу үшінші бала. Алдыда ағасы, әпкесі және інісі мен сіңілісі бар. Балаларымның барлығының бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы, тату-тәтті, бауырмал. Қызым қаладағы №10 мектеп-гимназиясында оқиды. Бос уақытында бауырларымен ойнайды, сурет салады, далаға шығып достарымен ойнағанды жақсы көреді. «Мейірім» шығармашылық орталығына барып жүргеніне екі айдан асты. «Бейнелеу» мен «Домбыра» үйірмесіне қатысады. Қызыма сабақтан тыс уақыттағы осындай шығармашылық үйірмелер өте ұнайды. Осы қосымшалар арқылы көп нәрсені үйренуде.

«Мейірім» шығармашылық орталығының ұжымына көптен көп рахмет. Балалардың қызығушылықтарын арттырып, оқуға зейіндерін ашып, таланттарын дамытып жатқандарына алғыс білдіремін!»

Жансая АЛКЕНОВА: *«Отбасымызда үш бала. Қызым – Нұрай Ілиясқызы, тұңғышымыз, жасы онда. Еркін ауылындағы №26 мектепте оқиды. Оқуда озат. Математика пәнінен Республикалық олимпиадаға қатысып, мадақтама алған. Сонымен қатар ағылшын тілін жақсы көреді. Сабақтан кейін бос уақытында көп сурет салады, анда-санда бисерлармен жұмыс жасайды. Қыз бала болғасын ба, шаш өріп үйреніп жүр, бет әрлегенді де ұнатады. «Шопан ата» деген байқауға қатысып, сурет салудан мақтау қағазын алған болатын. Қазір «Тұлға болам» атты байқауға қатысып, үш кезеңінен өтті. «Мейірім» шығармашылық орталығындағы «Сурет», «Тігін*



үйірмесіне» барады. Өзінің сурет салуға қабілеті жақсы болған, орталыққа барғалы одан да жақсы салатын болды.

Ортаншы қызым – Жанерке Ілиясқызы. Ол да №26 мектепте, 2-ші сыныпта оқиды. Оқу озаты. Республикалық «Дара бала» журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Ана тілім – ардағым» атты байқауда қолөнер аталымы бойынша өнер көрсетіп, 1-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. «Мейірім» шығармашылық орталығындағы «Оригами» үйірмесіне барады. Ұстаздарынан көп нәрсе үйреніп келіп, үйде бос уақытында сонымен айналысып отырады.

Қыздарымның осы орталыққа барғанына қуанамын. Балаларға өте жақсы мүмкіндіктер берілуде. Орталықтың ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Жұмыстары өркендей берсін!»

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ДЕНСАУЛЫҚ

ДӘРУМЕНДЕРДІ ҚАЛАЙ ІШУ КЕРЕК?

Егер дәрумендер ішкіңіз келсе, алдымен маманның кеңесін алған жөн. Себебі дәрігер анализдеріңізге қарай қажетті және бір-бірімен үйлесімді дәрумендік препараттарды ұсынып, қалай ішу керегін айтады. Ал егер дәрумендерді өздігінше ішуді шешсеңіз, төмендегі ақпарат сіз үшін пайдалы болады.

1. Қай дәрумендерді қандай уақытта ішу керек?
2. Майда және суда еритін дәрумендердің қандай айырмашылығы бар?
3. Қандай дәрумендердің антагонисті бар? Антагонистер — бірге ішсе, бір-бірінің сіңуіне кедергі келтіретін дәрумендер.

Таңғы ас кезінде мына дәрумендерді ішу ұсынылады: темір, С дәрумені, В тобының дәрумендері, омега-3, йод, D дәрумені, К дәрумені немесе магний цитрат. Кей нутрицевтиктер күш-қуат береді, сондықтан оларды таңертең ішкен жөн.

Күндіз мыналарды ішуге болады: А, Е, С, D және К дәрумендерін, мыс, мырыш, омега-3 немесе магний цитрат.

Кешкі ас кезінде мыналарды ішкен дұрыс: С дәрумені, мырыш, селен және магний. Бұл нутрицевтиктер тыныштандырушы әсерге ие.

Дәрумендер суда және майда еритін болып бөлінеді. Суда еритін түрлеріне С дәрумені мен В тобының дәрумендері жатады. Олардың ерекшелігі — ағзада жиналмауында және жылдам шығарылуында. Оларды тамаққа дейін немесе кейін және тамақпен бірге ішуге болады. Бірақ оларды судың көп мөлшерімен ішу керек, сол кезде олар ағзаға жақсы сіңеді.

Майда еритіндерге А, D, Е және К дәрумендері жатады. Бұл дәрумендер көбіне бауырда жиналады. Олар тамақпен бірге жақсырақ сіңеді. Тамақтың пайдалы майларға бай болғаны жақсы.

Аминқышқылдар мен коллагенді аш қарынға ішуге болады. Сол кезде олар жақсырақ сіңеді.

D, К және С дәрумендері өзара жақсы үйлеседі. D және К дәруменінен тұратын жұпты кальциймен толықтыруға болады. К дәрумені D дәруменінің, ал D дәрумені кальцийдің әсерін күшейтеді, сондай-ақ кальций мен К дәрумені сүйектер беріктігі мен саулығы үшін жауап береді. Олар

күшті үштікке айналады. Сонымен қатар, бұл дәрумендер магниймен және фосформен жақсы үйлеседі.

А дәруменімен Е және С дәрумендері жақсы үйлесім табады. Е дәрумені А дәруменін тотығудан қорғайды, ал С дәрумені қалған екеуінің сіңуін жақсартады. Сондай-ақ А дәруменімен йод, мырыш және темір жақсы үйлеседі.

В тобының дәрумендері:
- В1 дәрумені С дәруменімен және магниймен үйлеседі;
- В2 дәрумені С, D3, В9 дәрумендерімен және темірмен үйлеседі;
- В3 дәрумені хроммен және мырышпен үйлеседі;
- В5 дәрумені мыспен үйлеседі;
- В6 дәруменіу D3 дәруменімен, магниймен және темірмен үйлестіруге болады;
- В9 дәрумені (фолий қышқылы) D, В2 дәрумендерімен және темірмен үйлеседі;
- В12 дәрумені кальциймен үйлеседі.

С дәрумені темірмен және хроммен жақсы үйлеседі. Үш заттың әрбіреуі басқа екеуінің сіңуіне шапшаңдатқыш ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ С дәруменімен бірге А, Е, D3, В1 және В2 дәрумендерін ішуге болады.

Мырыш пен мысты бөлек-бөлек ішкен жөн. Себебі бірге ішсе, олар бір-бірін ағзадан ығыстырады. Сондай-ақ темір, кальций, магний, В6 және В9 дәрумендерін мырыштан бөлек ішу ұсынылады.

А және Е дәрумен мыспен үйлестірмеу ұсынылады. Сондай-ақ Е дәруменін D дәруменінен және темірден бөлек ішу керек. Е дәруменінің әсерінен олар ағзаға нашар сіңеді.

В тобының дәрумендерімен аса мұқият болу керек, себебі олардың көбі бір-бірімен үйлесе бермейді:
- В1 дәрумені В2, В6 және В12 дәрумендерімен үйлеспейді;
- В2 дәрумені В1 дәруменімен және кальциймен үйлеспейді;
- В3 дәрумені В12 дәруменімен үйлеспейді;
- В6 дәруменін В1, В9, Е дәрумендерімен және мырышпен үйлестірмеген жөн;
- В9 дәрумені В6 және В12 дәрумендерімен үйлеспейді;
- В12 дәрумені В1, В3, В9, С дәрумендерімен және мыс пен темірмен үйлеспейді;

Бірақ В тобының барлық дәрумені бар кешенді препарат болса, оны ішуге болады. Себебі мұндай препараттарда әр дәруменнің нақты босатылу уақыты есептелінеді, сондықтан олар бір-біріне кедергі келтірмейді.

Темірді кальциймен, магниймен, мырышпен және хроммен бірге ішпеген жөн. Алғашқы үш элемент темірдің деңгейін төмендетсе, хром темірдің жасуша ішіне кіру қабілетіне жағымсыз әсер етеді.

Материал massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 1225
Индекс 15534